

ҚАЗАҚСТАН МЕНЕДЖМЕНТ, ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БОЛЖАУ ИНСТИТУТЫ

# ҚМЭБИ ПРОСПЕКТІ



# МАЗМҰНЫ

|   |    |
|---|----|
| Қазақстан президентінің қмэби туралы айтқан сөзі  | 5  |
| ҚМЭБИ президентінің жолдауы.                      | 7  |
| Оқуға қабылдауды басқару бойынша деканның жолдауы | 7  |
| Алматы қазақстан                                  | 9  |
| ҚМЭБИ: неліктен Оқуға болады?                     | 11 |
| Табыстар тарихы                                   | 12 |
| Бакалавриаттың инновациялық бағдарламалары        | 13 |
| Магистратураның озық бағдарламалары               | 21 |
| Еркін тыңдаушыларға арналған икемді оқыту         | 31 |
| Халықаралық оқу орыны                             | 33 |
| Факультеттер мен кафедралар                       | 34 |
| Қазіргі заманғы үлгідегі институт қалашығы        | 37 |
| Студенттер үшін қызмет көрсету түрлері            | 39 |
| Жарқын студенттік өмір                            | 41 |
| Өз болашағыңызды қаржыландырыңыз                  | 43 |
| Өз болашағыңызды бүгіннен бастаңыз                | 45 |
| Қаржылық көмек                                    | 48 |
| ҚМЭБИ: негізгі фактілер мен статистика            | 49 |



# ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ҚМЭБИ ТУРАЛЫ АЙТҚАН СӨЗІ

*“Мен сіздерде қандай жағдайлардың жасалып жатқандығын үлкен қуанышпен көріп шықтым. Сіздерде осындай жақсы мүмкіндіктің барына мен өте ризамын. Біздің кезімізде осындай университеттің болмағаны өкінішті”.*

*“Барлығы ең жоғарғы стандартпен жасалған, оқу үшін шетелге барудың қажеті жоқ”.*

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев**





ҚМЭБИ

KIMEP



## ҚМЭБИ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ.

Мен Сіздерге 2009-2010 ҚМЭБИ Проспектісін ұсынғаныма қуаныштымын. ҚМЭБИ-ң елдің қалыптасуының алғашқы күндерінен бастап-ақ Қазақстанның дамуы мен өркендеуінің алдыңғы шебінен табылды. ҚМЭБИ тек магистратура бағдарламаларын ғана ұсынған шағын институттан бастап, Қазақстанның жоғары білім нарығындағы көшбасшылыққа дейінгі жолды жүріп өтті. ҚМЭБИ – бұл елдің ішінде де , сондай-ақ елімізден тысқары жерлерде де тамаша атаққа ие болған жоғары оқу орны.

ҚМЭБИ үнемі даму үстінде. Біз АҚШ жетекші аккредитациялық агенттігінен халықаралық аккредитация алу үрдісінде елеулі табыстарға қол жеткізе отырып, материалдық-техникалық база мен адам ресурстарына инвестициялар тартудың арнаулы бағдарламасын жүргізудеміз.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі толығымен аттестациялаудан өткізген біздің бакалавриат пен магистратураның инновациялық бағдарламалары АҚШ-тың несиелік жүйе үлгісінде құрылып, ол біздің студенттерімізге жеке сабақ кестесі бойынша оқылып, өзінің нақты қажеттілігіне сәйкес білім алуына мүмкіндік береді. Алайда, ҚМЭБИ тек дәрежелер тағайындау бағдарламаларынан басқа, дәлірек айтсақ, жоғары оқу орнының аумағында, одан басқа тысқары жерлерде де жарқын студенттік өмір, сонымен қатар шын мәнісінде студенттік өмірдің бірегей тәжірибесінен тұратын аудиториядан тыс мүмкіндіктердің кең ауқымын ұсынады.

Біздің түлектерді алдыңғы қатарлы отандық және бүкіл Ортаазиялық аймақ, сонымен қатар бүкіл дүние жүзі бойынша халықаралық фирмалар мен ұйымдар жұмысқа қабылдап, жұмыс берушілер олардың тамаша білуі мен кәсіби даярлығының жоғары деңгейін ерекше атап өтеді.

Қандай мансаптық сатыда тұрсаңыз да, өмірдегі мақсатыңыз қандай болмасын, біздің Сізге ұсынарымыз көп. ҚМЭБИ-ға келіңіз де өз болашағыңызға қаражат салыңыз.

*Чан Йан Банг, Ph.D.*



## ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУДЫ БАСҚАРУ БОЙЫНША ДЕКАННЫҢ ЖОЛДАУЫ

ҚМЭБИ – студенттердің мәселесі бірінші орында тұратын институт. Көптеген елдер мен мәдениеттердің өкілдері болып келетін оқытушылар мен кәсіби әкімшілерден құралған біздің ұжым өз жұмыстарында оқытудың, білім беру мен қосалқы қызметтер көрсетудің барлық салаларында сапа мен кең ауқымдылыққа үнемі көңіл бөліп отырады. Біздің Сіздерге ұсынатын кешенді жеке қолдауымыз өзіңіз ҚМЭБИ-да оқуға қызығушылық танытқан сәттен бастап, біздің оқу орнымызды бітіргенге дейін жалғаса бермек.

Біздің студенттерге бағдарлаған жұмыс тәсілдеріміз академиялық тұтастық пен жоғары стандарттарды қамтамасыз етуге бағытталған өз ережелеріміз бен тәртібімізді әзірлеуде маңызды фактор болып табылады. ҚМЭБИ сабақ кестесін құрастыру жүйесі өте икемді және ол студенттерге пәндерді таңдауда, оқу жүктемесін басқаруда, тіпті белгілі бір пәнді қай уақытта өтуге болатындығын анықтауда ең жоғарғы мүмкіндіктер еркіндігін ұсына отырып, олардың қажеттіліктеріне назар аударады. 5000 адамға жететін біздің студенттерімізге әрбір семестріне 300 ден аса курстар мен 800 жуық бағыттардан таңдау ұсынылады.

Қабылдау комиссиясының қызметкерлері өзіңізде туындаған кез-келген сұрақтарға үлкен ықыласпен жауап беруге даяр. Сіздерді біздің мыңдаған түлектеріміздің қаржысын салып, ҚМЭБИ-да алған білімін нәліктен жоғары бағалайтындықтарын және осы алған білімдері өздерінің жеке тұлғалық дамуы мен мансаптық қызметінде қалай көмектескені туралы келіп білуіңізге шақырамыз.

Егер сіздер біздің Институтқа келіп, өз көздеріңізбен ҚМЭБИ-ды көретін болсаңыздар біз әрдайым қуаныштымыз. Өзіңізге қолайлы кез-келген уақытта келіп, қабылдау бойынша өзіңіздің аймақтық маманмен жеке таңыстыру сапарыңыз туралы келісіңіз, не болмаса апта ішінде институт бойынша біздің тұрақты жоспарланған турларымыздың біріне қатысыңыз. Сіз сондай-ақ біз ұйымдастырған «Ашық Есік Күніне», немесе өзіңізді қызықтыратын кез-келген институтта өткізілетін келуіңізге болады. Бұдан басқа, біз Сіздерге өз факультеттеріміз бен бағдарламалар өкілдерімен, Факультеттердің Студенттерге Кеңес Беру Орталығы және Қаржылық Қолдау Бөлімі қызметкерлерімен кездесуді, немесе жай келіп, Институт аумағында студенттермен өңгімелесу мүмкіндігін ұсына аламыз.

Сіз үнемі біздің [www.kimerp.kz](http://www.kimerp.kz) интернет-сайтының көмегімен он-лайн режимінде ҚМЭБИ-да болып жатқан оқиғалар туралы хабар таба аласыздар, мүмкіндігінше жылдамырақ көрулеріңізді өтінеміз.

Егер сізде байыпты мансаптық жоспарларыңыз, сондай-ақ кәсіби жағынан өзіңізді жетілдіруге талабыңыз болса, ҚМЭБИ – Сіздің тамаша таңдауыңыз бола алады!

*Лариса Савицкая, Студенттерді Қабылдау, Тіркеу және Оқу Бітіртіп Шығаруды Басқару бойынша Декан*



# АЛМАТЫ ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан – ТМД елдерінің арасында анағұрлым үдемелі дамушы мемлекет, оның экономикалық өсу деңгейі соңғы төрт жылда жыл сайын екі таңбалы санмен көрсетіледі. Экономикалық даму тетігі мұнай, қаржылық қызмет көрсету және жылжымайтын мүліктің дамуы болып табылады.

Алматы (қаланың қазақша атауы «алмалы қала» дегенді білдіреді) – еліміздің экономикалық өсуінің негізгі қозғаушысы. Орталық Азиядағы өзін іскер астана ретінде көрсететін қалада KPMG, Deloitte, Proctor and Gamble, PricewaterhouseCoopers және көптеген басқа жетекші компаниялардың аймақтық штаб-пәтерлері орналасқан.

Серпінді экономикалық даму көз тартарлық және әр алуан табиғи ландшафтпен үйлесім тапқан. Алматы тұрғындары биіктігі 6000 метрге жететін Тянь-Шань тауынан және Солтүстікте Сібірге дейін созылып жатқан көз жетпес қиыр даладан 30 минуттық жерде тұр.

Батыс Еуропадан, Қытай мен Оңтүстік-Шығыс Азияның аудандарынан ұшақпен ұшқанда 6 сағаттық жерде және Парсы шығанағының халықаралық ықпалды елдерінен төрт сағаттық жерде орналасқан Алматы дүниежүзілік экономикасы шапшаң өзгеруіп жатқан картасындағы барлық жаңа орталықтарының ішінде қатынас құруға аса қолайлы қала деуге болады.

Алматы бір жарым миллион тұрғын халқын 130-дан аса этникалық топтар құрайтын шын мәнісіндегі космополиттік қала. Халықаралық стандарттар деңгейіндегі қызмет көрсету саласы бай мәдени мұра ретіндегі дәстүрлі қызмет көрсетулермен қатарласып жылдам қарқында даму үстінде. Бизнес орталығы және аймақтағы шетелдік қоғамдастықтың көп бөлігінің келетін орны болғандықтан Алматыда осындай қалалардың сипатына тән әлеуметтік және көңіл көтеру инфрақұрылымы дамыды. Алматыда тұрғындарына түнгі клубтар, классикалық музыка және кафелердің кең ауқымы қызмет көрсетіліп, сонымен қатар шаңғы тебу, тау туризмі және су спорты сияқты белсенді демалыс түрлерімен айналысуға мүмкіндік жасалған.





# ҚМЭБИ: НЕЛІКТЕН ОҚУҒА БОЛАДЫ?

- Еліміздің қалыптасқан күнінен бастап тамаша білім беру дәстүрінің бір бөлігіне айналу
- Озық заманауи білімдік тәжірибе алу
- Әлемдік деңгейдегі оқытушылардан білім алу
- Ұйымдарда жұмыс істеп, оларды басқару үшін түйінді білім мен дағдыларға ие болу
- Халықаралық қатынастың маңызды құралы – ағылшын тілін еркін игеру
- Отандық және халықаралық атағы жер жарған жоғары оқу орнында оқу
- Халықаралық білімдік қауымдастықтың бір бөлігі болу: дүние жүзі бойынша алдыңғы қатарлы университеттермен әріптестік және бағдарлама алмасудың кең ауқымымен танысу мүмкіндігін алу
- Аудиториялардан басқа жерде тұлғалық даму үшін көптеген сабақтан тыс мүмкіндіктерді пайдалану
- Оқу бітіргеннен кейін тікелей тамаша мансаптық мүмкіндіктерге қол жеткізу
- Өмір бойы жоғары оқу орнының қолдауына ие болу



# ТАБЫСТАР ТАРИХЫ

**1992** ҚМЭБИ Қазақстан Республикасы Н. Ә. Назарбаевтың Жарлығымен құрылып, д-р Бэнг алғашқы Атқарушы Директоры болып тағайындалды.

Іскер Әкімшілдік Магистратурасы (МВА) және Экономика бойынша Магистратура (МА) Бағдарламалары ашылды.

**1993** Мемлекеттік Басқару Магистратурасы Бағдарламасы ашылды

**1994** ҚМЭБИ алғашқы бітірушілері – МВА және МА Бағдарламаларының 81 түлегі.

**1998** Монреалдан МакГилл Университетінің көмегімен Халықаралық Басқару Кадрларының Орталығы ашылды.

**1999** ҚМЭБИ-да Іскер Әкімшілдік және Әлеуметтік Ғылымдар салаларындағы бакалавриаттың төрт жылдық бағдарламалары ашылды. Аталмыш бағдарламаларда алғаш рет 424 студент сабақтарын бастады.

**2000** ҚР Білім және Ғылым Министрлігі ҚМЭБИ-ға жоғары және жоғары оқудан кейінгі білім беру саласында білімдік жұмыстарды жүргізуге тұрақты лицензия берді.

Экономика бойынша бакалавриат бағдарламасы ашылды.

**2001** ҚМЭБИ барлық өзінің академиялық бағдарламаларына АҚШ үлгісі бойынша кредиттік жүйені енгізген Орталық Азиядағы тұңғыш жоғары оқу орыны болды.

Он-лайн режимінде тіркеу жүйесі енгізілді.

**2002** Оқу Корпусын жөндеу жұмыстары аяқталып, озық заманауи Институт Қалашығы жасалды.

Академиялық бағдарламаларын ҚР Білім және Ғылым Министрлігі аттестаттаудан өткізді.

Алдыңғы қатарлы Американдық, Еуропалық және Корей Университеттерімен ынтымақтастық және алмасу бағдарламалары ашылды.

ҚМЭБИ-да Халықаралық Қатынастар Магистратурасы, Халықаралық Журналистика және БАҚ Магистратурасы Бағдарламалары ашылды.

**2003** Халықаралық Журналистика Бакалавриаты Бағдарламасы ашылды.

Академиялық кафедралар үш факультетке айналды: Бэнг атындағы Бизнес Факультеті, Әлеуметтік Ғылымдар Факультеті және Үздіксіз Білім Беру Факультеті

**2004** ҚМЭБИ «Ағарту» категориясы бойынша «Платиналық Тарлан» сыйлығын алды. ҚМЭБИ Қазақстанда тағайындалған аса жоғары тәуелсіз сыйлықты алған жалғыз жоғары оқу орыны болып табылады.

Бэнг атындағы Бизнес Факультеті AACSB Халықаралық Қауымдастық мүшесі болды.

Сан-Франциско Университетімен бірлесіп Экономика бойынша Магистратура Бағдарламасы ашылды.

**2006** Іскер Әкімшілдік Докторантурасы Бағдарламасы ашылды.

Институтқа құны 3 миллион АҚШ долларына түскен Жаңа Ғылыми-Зерттеу Кітапханасының құрылысы аяқталды.

**2007** ҚМЭБИ Басқа Тілдер Тасымалдаушыларына Ағылшын Тілін Оқыту Магистратурасы Бағдарламасын ашты.

**2008** ҚМЭБИ Жаңа Оқу Корпусын ашты.

Президент Назарбаев Институтқа келіп, жаңа оқу корпусы мен кітапхананы көрді, студенттермен, оқытушылармен және әкімшілікпен кездесті.

ҚМЭБИ тағы жұмысқа докторлық дәрежесі бар 29 жаңа оқытушыларды қабылдады.

Құқық Мектебі бакалавриат студенттеріне құқықтану бойынша қосымша мамандықты ұсынып, 2009 жылы көктемде Халықаралық Бизнес-Құқықта мамандандырулармен Құқық Магистратурасы Бағдарламасын (LLM) ашуды жоспарлап отыр.

# БАКАЛАВРИАТТЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

ҚМЭБИ кредиттік жүйеге негізделген, дәреже тағайындаумен АҚШ үлгісіндегі бакалавриаттың алты әр түрлі бағдарламасын ұсынады. Бұның бірден-бір артықшылығы студентке сабақ кестесін өзінің нақты мүдделері мен мансаптық мүмкіндіктеріне сәйкес құруына мүмкіндік беретін икемділік болып табылады. Кредиттік жүйе сонымен қатар сіз өзіңіздің жұмыс ырғағыңызда оқуға мүмкіндік береді. Мәселен, әдетте бакалавриат бағдарламасында оқу төрт жыл болғанымен, сіз егер қажет деп тапсаңыз оны одан да ұзақ мерзімге «созуыңызға» болады. Тағы бір артықшылығы оқу жоспарының өте кең ауқымы қамтылған. Біздің бакалавриат бағдарламаларының әрқайсысына дәреже алу үшін талап етілетін 129 кредиттің 48 кредитін математика, дәл ғылымдар, сіздің табысты мансаптық қызметіңіз үшін қажетті сындарлы ойлау және жазу дағдылары негіздері құрайды. Сіз сонымен қатар негізгі мамандықтың өзіңіз таңдаған саласынан кең көлемде білім алып, өзіңіздің жеке мүдденіңізді көрсететін таңдау бойынша еркін пәндерді алу мүмкіндігіне ие боласыз.

Бакалавриаттың көпшілік студенттеріне өздері оқитын кафедралар аясында қосарлы негізгі мамандықты таңдау немесе өзінің білім шеңберін

ары қарай кеңейту үшін факультет аясындағы басқа кафедралардан екінші қосымша мамандықты таңдау мүмкіндігі беріледі. Көптеген бағдарламаларда сонымен қатар нақты негізгі мамандықсыз бітірту мүмкіндігі бар, ол сізге элективтік курстарды таңдаудың үлкен еркіндігін беріп, оқу бітіргеннен кейін жұмысқа орналасудың кең ауқымды мүмкіндіктеріне жол ашады.

ҚМЭБИ бакалавриатының көптеген бағдарламаларында студенттерден міндетті оқу құрауышы ретінде практикадан өту талап етіледі. Практикадан өту сізге аудиторияда алған өз біліміңізді нақты өмірде қолдану үшін үйренуге мүмкіндік беріп, өзіңіздің алған біліміңізге байыпты практикалық базаны қамтамасыз етеді және оқу бітірместен бұрын бағалы жұмыс тәжірибесін беретін болады. Сонымен қатар практика болашақ әлеуетті жұмыс берушілермен қолайлы байланыстар орнатуға мүмкіндік береді.

ҚМЭБИ бакалавриатының барлық студенттеріне Институт және факультет деңгейіндегі кеңес беру орталықтары тарапынан қолдау көрсетіледі; мұндай орталықтардың қызметкерлері студенттерге оқу бағдарламасымен және болашақ мансаптық қызметпен байланысты маңызды әрі дұрыс таңдау жасауға көмектеседі.

## ҚМЭБИ Бакалавриаты Бағдарламаларына кредиттік талаптарды бөлу

|  | Халықаралық Қатынастар саласындағы Бакалавриаты | Саясаттану саласындағы Бакалавриаты | Мемлекеттік Басқару саласындағы Бакалавриаты | Халықаралық Журналистика саласындағы Бакалавриаты | Іскер Әкімшілік саласындағы Бакалавриаты | Экономика саласындағы Гуманитарлық Ғылымдар Бакалавриаты |
|--|---|-------------------------------------|--|---|--|--|
| Ағылшын тілінің қарқынды оқыту курстары  | 4 курс, кредит тағайындаусыз                    |                                     |  |   |  |  |
| Жалпы білімдік талаптар  | 48  | 48                                  | 48   | 48  | 48                                       |  |
| Міндетті негізгі пәндер  | 21  | 21                                  | 24   | 12  | 51                                       | 12   |
| Негізгі мамандандырулар (негізгі мамандандырулар саласынан таңдау бойынша пәндерді қоса алғанда) | 33  | 33                                  | 36   | 57  | 18                                       | 54   |
| Қосымша мамандандырулар / Еркін таңдау бойынша пәндер  | 24  | 24                                  | 21   | 12  | 9  | 15   |
| Практика   | 3   | 3                                   |  |   | 3  |  |
| Оқу бітіру үшін талап етілетін барлық кредиттер  | 129   | 129                                 | 129  | 129   | 129                                      | 129  |

# БАКАЛАВРИАТТЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

## Экономика саласындағы Гуманитарлық Ғылымдар Бакалавриаты (BAE)

*Қазақстанның өскелең экономикасында маңызды роль атқарады*

Төрт жылда 40 тан аса әр түрлі пәндерді оқу барысында аталмыш бағдарлама Сізді бизнес немесе мемлекеттік саладағы сарапшылдық біліммен қаруландырады. Сіз Орталық Азиядағы социализм неліктен нарыққа орын бергенін; Қазақстаннан мигранттардың көшуі фермерлердің кірісіне қалай ықпал еткенін; кенеттен Алматыда тұрғын үй шуы неліктен басылып қалғанын зерделеп, микро және макро деңгейде экономикалық талдау жүргізе алатын боласыз. Сонымен қатар Сіз бүгінгі экономикада не болып жатқанын, не күтуге болатынын саралай аласыз. Сіз Мемлекеттік Саясат Экономикасынан, Бизнес Экономикасынан мамандық таңдауыңызға немесе қосарлы мамандық алуыңызға болады. Осылайша бағдарлама Сізді өзіңіздің таңдауыңыз бойынша экономикадағы, қаржы саласындағы, бизнестегі немесе мемлекеттік саясаттағы мансаптық қызметке даярлайды.

Оқу бітіргеннен кейін Сіз үкіметтік немесе үкіметтік емес ұйымдарда экономист; банкте, инвестициялық компанияларда немесе дүние жүзі бойынша әйгілі консалтингтік фирмаларда менеджер; Қазақстандық энергетика секторында немесе экономиканың басқа салаларында аналитик болып жұмыс істеуіңізге болады немесе Сіздің кәсіпкер болуыңызға, оқытушылық жұмыстармен айналысуыңызға немесе магистратурада біліміңізді жалғастыруыңызға мүмкіндіктер берілген.



# БАКАЛАВРИАТТЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

## Халықаралық Журналистика саласындағы Гуманитарлық Ғылымдар Бакалавриаты (BAIJ)

### *Қазақстандағы журналистика бойынша жетекші бакалавриат бағдарламаларына оқуға түсіңіз*

BAIJ Бағдарламасы БАҚ-тағы мансапқа қызығушылық танытқан орта мектептің түлектері үшін тамаша таңдау болып табылады. Бағдарлама студенттерді теле-радио хабарларын тарату, баспа сөз және интернет-журналистика бойынша практикалық дағдыларды бере отырып, медиа-индустриямен таныстырады. Бағдарламада студенттерге БАҚ пен журналистикада бағалы практикалық тәжірибе жұмыстарын алу мүмкіндігін ұсына алатын қазіргі заманғы озық техникалармен жабдықталған бірегей медиа-зертхана бар. Біздің BAIJ бағдарламамыз сізге әлемнің кез-келген нүктесіндегі халықаралық БАҚ-та жұмыс істеуге мүмкіндік беретін дағдыларға үйрететін болады.

BAIJ Бағдарламасының түлектеріне газет-журнал журналистикасында және редакциялық бөлімдерде, радио мен теледидардағы жаңалықтар журналистикасында, немесе жаңалықтар қызметін басқаруда мансаптық мүмкіндіктерге жол ашылады. Сонымен қатар бітірушілер әлеуметпен байланыстар, жарнама және маркетингтің жылдам дамушы және табысты салаларында жұмыс істеулеріне болады.

Біздің көптеген түлектеріміз әлеуметпен байланыстар саласында мансаптық лауазымдарда жұмыс істейді. Бағдарламаның профессор-оқытушылар құрамына халықаралық журналистер, сондай-ақ әлеуметпен

байланыстар бойынша мамандар кіреді және BAIJ бағдарламасы осы жылдам дамушы және табысты салаларда бұдан былайғы мансаптық қызмет үшін тамаша іргетас болып табылады. Сонымен қатар Сіз осы бағдарламаның студенті ретінде бұқаралық ақпарат құралдарын басқаруда тәжірибе игеріп, ол сізге баспа саласында немесе БАҚ-та тек жалдамалы қызметкер ретінде ғана емес, өз ісіңіздің қожайыны ретінде де жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

BAIJ Бағдарламасының студенті бола отырып Сіз Халықаралық Журналистика бойынша негізгі мамандықты алатын боласыз, ал қосымша мамандық таңдауына Баспасөз, теле-радио хабарларын тарату және интернет-журналистика, Әлеуметпен Байланыстар және БАҚ-ты Басқару енгізіледі. Сіз сондай-ақ басқа кафедралардан мамандық таңдауыңызға болады.

BAIJ Бағдарламасының түлектеріне газет-журнал журналистикасында және редакциялық бөлімдерде, радио мен теледидардағы жаңалықтар журналистикасында, немесе жаңалықтар қызметін басқаруда мансаптық мүмкіндіктерге жол ашылады. Көптеген түлектер сондай-ақ халықаралық ұйымдардан, шағын ұлттық компаниялардан және іскер құрылымдардан әлеуметпен байланыстар бойынша мамандар ретінде жұмыс табады.



# БАКАЛАВРИАТТЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

## Іскер Әкімшілік және Бухгалтерлік Есеп саласындағы Бакалавриат (BSc)

### *Қазақстандағы бірегей бизнес-бағдарлама*

Іскер Әкімшілік және Бухгалтерлік Есеп саласындағы Бакалавриат Бағдарламасы Сізді жергілікті және халықаралық бизнестегі әр түрлі қажеттіліктерге сәйкес даярлайды. Сіз бизнестің барлық функционалдық салаларынан жалпы білім беретін даярлық курстар кешенінен өтетін боласыз. Бұдан басқа Сіз өзіңіз таңдаған негізгі және қосымша мамандықтардан жоғарғы деңгейдегі арнайы дайындық алатын боласыз. Аталмыш сәттен негізгі және қосымша мамандықтар Бухгалтерлік Есеп, Қаржы, Менеджмент, Адам Ресурстарын Басқару, Маркетинг, Ақпараттық Жүйелер және Операциялық Басқару салаларынан ұсынылады.

Қазақстандық және халықаралық корпорациялар ҚМЭБИ Іскер Әкімшілік Бағдарламаларының түлектерін белсенді түрде жұмысқа қабылдайды – бағдарлама түлектері байыпты теориялық білімі мен оқудың бөлінбес бөлігі болып табылатын практикалық тәжірибелерінің арқасында бизнес саласынан жұмыс алады. Бұдан басқа, BSc бағдарламасының оқу жоспарында бағдарламаның әрбір студентінде іскерлік

дағдыларды дамытуға бағытталған әр алуан білімдік техникалар пайдаланылады. Оқу бітіріп шыққан сәтте сіз келіссөздер жүргізу мен қарым-қатынас жасаудың тиімді дағдыларын игеріп, сонымен қатар өзіңіздің сындарлы ойлау мен проблемаларды шешу шеберлігін жетілдіретін боласыз – бұл дағдылар Сіздің өзіңіз болашақта таңдауды ұйғарған кез-келген мамандығыңыздың кәсіби шебері болып, қызмет бабында жоғары өрлеуіңізге мүмкіндік беретін болады.

BSc Бағдарламасының түлектері жергілікті, сондай-ақ халықаралық компанияларда экономиканың барлық салаларында жұмыс істейді, олардың көпшілігінің банкиндустриясында шоғырлануы байқалды. Оқу бітіргеннен кейін сізге жоба менеджері, қаржы аналитигі, жүйелі әкімші, адам ресурстары бойынша маман, бухгалтер, брэнд-менеджер ретіндегі мансаптық мүмкіндіктер ашылады, әрине мүмкіндіктер тізімі осымен бітпейді. Біздің түлектеріміздің көпшілігі өз білімін жалғастыруды қалап, магистр дәрежесін алған.



# БАКАЛАВРИАТТЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

## Халықаралық Қатынастар саласындағы Әлеуметтік Ғылымдар Бакалавриаты (BSS)

### *Ғаламдық мәселелер мен әлемдік дипломатияны ұғыну*

Халықаралық Қатынастар саласындағы Әлеуметтік Ғылымдар Бакалавриаты Бағдарламасы Сізді аймақтық және халықаралық қатынастар мен дипломатия салаларындағы маман ретінде даярлайды. Сіз халықаралық қатынастар, сыртқы саясат, дипломатия, қауіпсіздік теориясын, терроризм, аймақтық және ғаламдық дау-жанжалдар мәселесін, сонымен қатар дау-жанжалдарды шешу тәсілдерін оқып-үйренетін боласыз. Барлық студенттер оқитын халықаралық қатынастар теориясы бойынша іргелі пәндерден басқа Сіз Сыртқы саясат пен дипломатия немесе Халықаралық Қауіпсіздік саласынан мамандық таңдауыңызға болады. Балама ретінде сіз аталмыш кафедрадан қосарлы мамандықты немесе Әлеуметтік Ғылымдар Факультетінің басқа кафедрасынан екінші негізгі мамандықты алуыңызға болады.

Халықаралық және Қазақстандық үкіметтік, үкіметтік емес ұйымдар халықаралық қатынастар саласындағы үздік білімінің нәтижесінде біздің түлектерімізді жұмысқа белсенді түрде қабылдайды. ҚМЭБИ-дың басқа бағдарламалары сияқты BSS бағдарламасының оқу жоспары біздің студенттерімізде аналитикалық дағдыларды

дамытуға, оқыту мен білім беруде озық қазіргі заманғы технологияларды пайдаланады. Оқу бағдарламасын бітіріп шыққан сәтте сіз келіссөздер жүргізу мен қарым-қатынас жасаудың тиімді дағдыларын игеріп, сонымен қатар өзіңіздің сындарлы ойлау мен проблемаларды шешу шеберлігін жетілдіретін боласыз. Халықаралық қатынастар саласынан өзіңіз алған арнайы біліммен үйлесімдегі бұл дағдылар өзіңіздің көшбасшы ретінде қалыптасуыңызға және әрі қарайғы мансаптық өсуіңіз үшін байыпты негіз құрайды.

Халықаралық Қатынастар саласындағы ҚМЭБИ BSS Бағдарламасының түлектері әдетте мансаптық мүмкіндіктерін халықаралық қатынастардағы аналитиктер, консулдық қызмет пен дипломатиялық корпуста сарапшылар, халықаралық ұйымдарда кеңесшілер, жоба менеджерлері, гранттар бойынша мамандар ретінде немесе оқытушылық саладан табады. Сонымен қатар бағдарлама Сізге алдыңғы қатарлы шетелдік университеттерден магистратура деңгейінде біліміңізді табысты түрде жалғастыру үшін берік негіз ұсынады.



# БАКАЛАВРИАТТЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

## Саясаттану саласындағы Әлеуметтік Ғылымдар Бакалавриаты

*Саясатта және одан тыс жерлерде көшбасшылық дағдыларды игеру*

Саясаттану саласындағы Әлеуметтік Ғылымдар Бакалавриаты Бағдарламасы Сізді ұлттық, аймақтық және дүние жүзілік саясаттың күрделі сахнасындағы көшбасшылыққа даярлайды. Курс саяси теориялар мен жүйелер, мүдделер тобы, демократия үндеулері мен мәселелері, этно-діни және мәдени өзін-өзі анықтау, дау-жанжалдар, азаматтық қоғам, саяси экономика және даму мәселелері тақырыптарының кең ауқымын қамтиды. Бағдарламаны бітірушілер саясаттанудың әр түрлі аспектілері мен бөлімдері туралы кең көлемді білімді игеріп шығады. Саяси ғылымдардың теориясы мен әдіснамасы туралы іргелі білімді игеруден басқа Сіз Салыстырмалы Саясаттану не болмаса Орталық Азия Саясатынан мамандық таңдауыңызға болады.

Саясаттану саласындағы BSS бағдарламасын бітіргеннен кейін сіз саяси аналитик, сайлау алды науқаны бойынша кеңес беруші, әлеуметпен байланыстар бойынша сарапшы, тәуекелдер бойынша кеңес беруші, үкіметтік емес ұйымдардағы жоба менеджері, гранттар бойынша маман ретінде, сонымен қатар көптеген басқа да қызықты және тартымды салаларда жұмыс істеуіңізге болады.

Біздің түлектерімізді жергілікті, аймақтық және халықаралық ұйымдар жұмысқа белсенді түрде қабылдайды, олар түлектеріміздің саясаттану саласындағы даярлығы мен практикалық тәжірибесін жоғары бағалайды. Оқу бағдарламасын бітіріп шыққан сәтте сіз саясаттанудың негізгі теориясы мен тұжырымдамасын үйреніп қана қоймай, келіссөздер жүргізу мен қарым-қатынас жасаудың тиімді дағдыларын игеріп, сонымен қатар өзіңіздің сындарлы ойлау мен мәселелерді шешу шеберлігін жетілдіретін боласыз.

Саясаттануда маманданумен BSS бағдарламасын бітіргеннен кейін сіз саяси аналитик, сайлау алды науқаны бойынша кеңес беруші, әлеуметпен байланыстар бойынша сарапшы, тәуекелдер бойынша кеңес беруші, үкіметтік емес ұйымдардағы жоба менеджері, гранттар бойынша маман ретінде, сонымен қатар көптеген басқа да қызықты және тартымды салаларда жұмыс істеуіңізге болады. Біздің түлектеріміздің көпшілігі мансаптық қызметін академиялық салада тапты: BSS бағдарламасы алдыңғы қатарлы шетелдік университеттерден магистратура деңгейінде біліміңізді табысты түрде жалғастыру үшін мықты бастама ұсынады.



# БАКАЛАВРИАТТЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

## Мемлекеттік Басқару саласындағы Әлеуметтік ғылымдар Бакалавриаты (BSS)

*Өзіңізді бизнес пен үкіметтегі мансаптық қызметке даярлаңыз*

Мемлекеттік Басқару саласындағы Әлеуметтік Ғылымдар Бакалавриаты Бағдарламасы үкіметтегі, үкіметтік емес ұйымдар мен іскер құрылымдардағы мансаптық қызметке қызығушылық танытқан студенттерге академиялық және практикалық негіздер ұсынады. Көрсетілген салалар тығыз өзара байланыспен сипатталады, сондықтан BSS дәрежесі сізге бәсекеге қабілетті дағдыларды үйретіп, өзіңіздің мансаптық мүддеңізге сәйкес келетін кез-келген осы салаларда жұмыс істеуіңізге мүмкіндік береді. Мәселен, сіз үкіметтік ұйымдарда өз мансабыңызды бастап, содан кейін жұмысыңызды бизнесте жалғастыруыңызға болады. Мемлекеттік Басқарудағы Бакалавр дәрежесі жұмыс салаларының өзгерісі барысында Сізді икемділікке және жоғары бейімділікке үйретеді.

Студенттер Мемлекеттік Саясат және Басқару, Мемлекеттік Менеджмент, Қаржы Менеджменті, Табиғи Ресурстарды Басқару салаларынан мамандықтар алуына, сонымен қатар барлық аталған салалардан және олардан басқа Денсаулық Саясаты мен Басқарудан қосымша мамандықты таңдауларына болады. Бұдан басқа студент Мемлекеттік Басқару Кафедрасы

аясынан қосарлы мамандықты таңдауына немесе басқа кафедрадан екінші негізгі мамандықты алуына болады.

Біздің түлектер әдетте саяси аналитиктер және саясат зерттемелері ретінде ұлттық және аймақтық басқару ұйымдарында; өкілдер, кеңес берушілер, реформаторлар және ғылыми зерттеушілер ретінде БҰҰ және оның аймақтық агенттіктерінде; Қазақстандағы әкімшілер және функционалдық сарапшылар ретінде жұмыс істейді. Сонымен қатар біздің түлектеріміз жеке меншік секторлар аясындағы әкімшілдікте аймақтық менеджерлер мен бөлім бастығы лауазымдарында; халықаралық және жергілікті үкіметтік емес ұйымдарда сауда, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, қауіпсіздік, және басқа да салаларда сарапшылдық біліммен менеджер және үйлестіруші ретінде; мемлекеттік қаржыны басқару саласында бюджеттеу және салық салу бойынша сарапшылар ретінде; үкіметтік және қоғамдық секторлардың қарым-қатынастарын басқару саласындағы экономикалық және әлеуметтік саясат бойынша сарапшы ретінде; академиялық салада оқытушы, практикалық жетекшілер, ғылыми зерттеушілер және әкімшілер ретінде жұмыс істейді.





# МАГИСТРАТУРАНЫҢ ОЗЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Магистр дәрежесі нақты саладағы сіздің біліміңізді тереңдетіп, сіздің сарапшылық біліміңіздің жоғары деңгейі туралы айғақтайды. Халықаралық компаниялар жұмысқа батыстық үлгідегі магистр дәрежесін алған үміткерлерді қабылдайды; бұл дегеніміз магистр дәрежесіне ие болғандар үшін жұмысқа орналасу мүмкіндігі қол жетімді, ал басқа бітірушілер үшін ондай мүмкіндіктердің аз екендігін білдіреді. Магистратура бағдарламасында оқу сіздің жұмысқа орналасу және мансаптық қызметіңіздің келешегін елеулі түрде жақсартуы мүмкін.

ҚМЭБИ біздің академиялық бөлімдеріміз – Бэнг атындағы Бизнес Факультетімен, Әлеуметтік Ғылымдар Факультетімен, Тілдер Орталығымен, Құқық Мектебімен оқытылатын әр түрлі бағдарламалардың кең ауқымын ұсынады. ҚМЭБИ Магистратура Бағдарламаларын басқару және оқыту аса қатаң халықаралық стандарттармен сәйкес жүргізіледі; Бағдарламалар АҚШ үлгісіндегі кредиттік жүйеге негізделген және Студенттерге өздерінің нақты қажеттіліктеріне сәйкес оқу кестесін құрастыру барысында жоғары икемділікті ұсынады. Сонымен қатар аталмыш жүйе сіздің жеке

жұмыс ырғағыңызға сай оқуға мүмкіндік береді. Мәселен, ҚМЭБИ-да магистр дәрежесін алу үшін студентке нақты бағдарламаға байланысты 36 дан 63 ке дейін кредит жинау талап етіліп, әдетте ол екі жылға созылады. Алайда кредиттік жүйе елеулі икемділік береді – сіз егер пәндерді біршама бір қалыпты ырғақта өткізіп келсе, магистратура бағдарламасында бес жылға дейін оқуыңызға болады. ҚМЭБИ-да бакалавр дәрежесін алған студенттерге магистратура бағдарламасында оқу есебінде он пәнге дейін (30 кредитке дейін) аударып, есепке алуға мүмкіндік береді, осылайша бағдарлама бойынша дәреже алуға кеткен уақытты қысқартуға болады. Бұл дегеніміз, егер сіз ҚМЭБИ-да бакалавриат және магистратура бағдарламаларын өткізіп келсе, сіз бес жылдың ішінде екі дәрежені алуыңызға болады дегенді білдіреді.

ҚМЭБИ магистратурасының барлық студенттеріне арнайы құрылған Кеңес Беруші Студенттік Орталық тарапынан көмек көрсетіліп, оның қызметкерлері магистранттарға оқу бағдарламасы мен болашақ мансапқа қатысты дұрыс және маңызды таңдау жасауға жәрдемдеседі.

## ҚМЭБИ магистрлік бағдарламалар бойынша кредиттік талаптарды бөлу

|   | Мемлекеттік Басқару Магистратурасы | Экономика Магистратурасы | Журналистика және БАҚ бойынша Магистратура | Халықаралық Қатынастар Магистратурасы | Құқық Магистратурасы | Ағылшын Тілін Оқыту Магистратурасы | Іскер Әкімшілік Магистратурасы | Басқару Кадрларына арналған Іскер Әкімшілік Магистратурасы | Іскер Әкімшілік Докторантурасы |
|---|------------------------------------|--------------------------|--|---------------------------------------|----------------------|------------------------------------|--------------------------------|--|--------------------------------|
| Ағыл-шын тілін қарқынды оқыту курс-тары                 | 4 курс, кредит тағайын-даусыз      |                          |  |                                       |                      |                                    |                                |  |                                |
| Бағдар-лама бойын-ша негізгі пәндер                     | 24                                 | 35                       | 24   | 12                                    | 12                   | 27                                 | 36                             | 39   | 27                             |
| Негізгі маман-дықтар                                    | 6                                  |                          | 30   | 21                                    | 12                   |                                    | 21                             |  | 12                             |
| Таңдау бойын-ша пәндер                                  | 9                                  | 9                        |  | 9                                     |                      | 8                                  |                                |  | 6                              |
| Диссер-тация  | 9                                  | 6                        |  | 9                                     | 6                    | 6                                  | 3                              | 6  | 12                             |
| Практи-ка   |                                    |                          |  |                                       | 6                    | 3                                  | 3                              |  |                                |
| Дәреже алу үшін талап етілетін кредит-тердің жалпы саны | 48                                 | 50                       | 54   | 51                                    | 36                   | 44                                 | 63                             | 45   | 57                             |

# МАГИСТРАТУРАНЫҢ ОЗЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

## Экономика саласындағы Гуманитарлық Ғылымдар Магистратурасы (МА)

### *Нарықтық экономика бойынша жаңа мыңжылдықтар мамандарын даярлау*

ҚМЭБИ Экономика бойынша Магистратура Бағдарламасы Орталық Азиядағы тамаша магистрлік білім шыңы болып табылады. Экономика бойынша Магистратура Бағдарламасының студенті ретінде Сіз өз аймағыңыздағы экономикалық құлдырау мен өрлеуді алдын ала көре білуге; өз өніміңіздің табыстылығын ең жоғарғы деңгейге дейін ұлғайтушы ең жақсы бағаларды анықтауға; экономикалық тәуекел затының банк қапшығын бағалауға үйренесіз. Сіз Орталық Азияға жаһанданудың қалпына, дәлірек айтсақ; нарыққа аймақтың өтуі қаншалықты табысты жүруде және мұнай мен табиғи газға деген сұраныс пен ұсыныс бұдан былай қалай дамитыны туралы мәселелерге талдау жасай аласыз. Сізге дүние жүзінің алдыңғы қатарлы университеттерінен білім алған тәжірибелі профессорлар сабақ береді.

Сіз халықаралық экономикадан, мемлекеттік саясат экономикасынан, қаржы экономикасынан немесе тауарлы экономикадан (жекелеп алғанда мұнай және газ экономикасынан) мамандық таңдауыңызға болады. Сонымен қатар бухгалтерлік есеп немесе менеджмент сияқты қосымша мамандықтар бар. Біздің түлектер қаржы және инвестициялық аналитиктер, нарық аналитиктері, менеджменттер, кәсіпкерлер, тауар аналитиктері, банкирлер, кеңес берушілер және үкіметтік көшбасшылар бола алады.

Экономика саласындағы жоғарғы деңгейдегі біздің мамандандыруларымыз сізді дүние жүзінің алдыңғы қатарлы университеттерінде докторантурада оқуға даярлайды. Біз сондай-ақ Сан-Франциско Университетімен бірлескен экономика бойынша магистратура бағдарламасын ұсынамыз.



# МАГИСТРАТУРАНЫҢ ОЗЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

## Халықаралық Журналистика саласындағы

## Гуманитарлық ғылымдар Магистратурасы (МАІJМС)

*Журналистика және әлеуметпен байланыстар салаларындағы халықаралық мансаптық қызметке даярлау*

Қазіргі заманғы «Ақпараттық шу» жағдайында бүкіл дүние жүзінде байланыс индустриясы жылдамырақ даму үстінде. ҚМЭБИ МАІJМС Бағдарламасының студенті ретінде Сіз журналистикадан, не болмаса әлеуметпен байланыстар саласынан мамандықты таңдай аласыз, бұл жағдайда негізгі коммуникациялық дағдылар аталмыш саладағы сан алуан мансаптық қажеттіліктерге оңай бейімделеді. Жылдам өзгеруші коммуникациялық технологияларды есепке ала отырып, іс жүзінде біз ҚМЭБИ студенттерін өзгерістер мен өскелең мүмкіндіктерге дайын болуын қолдаймыз.

МАІJМС Бағдарламасы газет-журнал, телевидения, кәбілдік қызмет көрсету, радио және Интернеттің жаңалықтар порталының редакторлары мен репортерлары ретінде көптеген маңызды және ықпалды мансаптық лауазымдарда жұмыс істеу үшін коммуникация бойынша мамандар даярлайды. Аталмыш бағдарламаның студенттері баспа немесе БАҚ-тың басқа салаларында тек жалдамалы қызметкер ретінде ғана емес, өз ісінің қожайыны ретінде де жұмыс істеу үшін экономика мен бизнес бойынша қосымша пәндерді таңдауларына болады.

МАІJМС Бағдарламасы сонымен қатар Сізді тікелей әлеуметпен байланыстар саласындағы қолайлы қызметтерде жұмыс істеуге даярлайды. Осы саланың көптеген таңдаулы мамандары өз мансаптарын өзінің коммуникациялық дағдыларын шыңдап, БАҚ-пен қалай жұмыс істеу ұғымын жетілдіруге мүмкіндік беретін репортер немесе редактор ретінде бастады. Қазіргі заманда әлеуметпен байланыстар тиімділігінің маңыздылығының жоғары болғаны соншалық, ҚМЭБИ аталмыш бағдарламасының түлектері жетекші компанияларда басшылық лауазымдарға бірден қол жеткізеді.

МАІJМС Бағдарламасы Сізге біздің аймақта жоқ дерлік ҚМЭБИ-дың бірегей және жақсы жабдықталған медиа-зертханасында баспа, телерадио хабарларын тарату және интернет-журналистикадағы практикалық дағдыларыңызды дамытуға, содан кейін БАҚ-та өзіңіз таңдап алған мамандығыңыз бойынша жұмысты бастамас бұрын өз шеберлігіңізді жетілдіру үшін елімізде немесе одан тысқары жерлерде бір немесе одан да көп кәсіби практика курстарынан өтуге мүмкіндіктер ұсынады.



# МАГИСТРАТУРАНЫҢ ОЗЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

## Басқа Тілдер Тасымалдаушыларына Ағылшын Тілін Оқыту саласындағы Гуманитарлық Ғылымдар Магистратурасы (MA in TESOL)

*Сізді білікті және халықаралық мойындалған тілдер оқытушысы етіп даярлайды*

MA in TESOL Бағдарламасы – Басқа Тілдер Тасымалдаушыларына Ағылшын тілін Оқыту саласындағы Магистратурасы. Бағдарлама пәндері мен ғылыми-зерттеу аспектілері қолданбалы және білімдік лингвистикадан алынған. Бұл бағдарлама сіздердің оқытушылық тәжірибелеріңіз бен тұжырымдамаларыңызды дамытуға, кез-келген сабақ пен пәнге қолданылатын оқу жоспарларының идеялары мен оқытудың тәжірибелік әдістерін өзіңізге, сонымен қатар өз студенттеріңіздің академиялық үлгерімін бағалауға және өзіңіздің оқыту тиімділігіңізді айқындауға көмектеседі.

Бұл бағдарлама магистранттарға халықаралық тәжірибесі бар жоғары білікті оқытушылардан сабақ алудың бірегей мүмкіндіктерін, қызықты және инновациялық пәндер ұсына отырып,

ғылыми-зерттеу және практикалық тәжірибені қамтамасыз етеді. Аталмыш бағдарлама ұсынған теориялық негіздеме мен практикалық сабақтар барлық тілдерге қолданылады.

Аталмыш бағдарламаны бітіру барысында Сіздер сауаттылық және тілдер туралы оқытушылық дағды мен білікті, сонымен қатар университет кафедралары мен тілдер орталығындағы, халықаралық мектептердегі, дипломатиялық қызметтегі, үкіметтік бағдарламалар мен агенттіктердегі, сондай-ақ халықаралық білім бағдарламаларындағы өзіңіздің мансаптық қызметіңізді дамытуға мүмкіндік беретін оқытудың практикалық тәжірибесін игеретін боласыздар.



# МАГИСТРАТУРАНЫҢ ОЗЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

## Іскер Әкімшілдік Магистратурасы (МВА)

*Сізге көшбасшылық дағдыларды үйретуші білім*

Іскер Әкімшілдік саласындағы ҚМЭБИ Магистратурасы Қазақстандағы, сондай-ақ халықаралық масштабтағы ұйымдардағы өзгерістерді тиімді және табысты түрде басқара алатын көшбасшыларды даярлайды. МВА бағдарламасының оқу жоспары алдыңғы қатарлы Американдық және Еуропалық бизнес-мектептердің қалыбында негізделіп, теориялық тұжырымдамаларды, жағдаяттық зерттеулер мен практикалық дағдыларды үйлестіреді. МВА бағдарламасындағы сабақтарды жоғары академиялық және кәсіби білімді, сондай-ақ көлемді халықаралық тәжірибеге ие болған оқытушылар жүргізеді.

Сіз базалық деңгейде іскер әкімшілдік пен бизнестің барлық салаларынан кешенді білім алатын боласыз. Кейінгі кезеңде сіздің Бухгалтерлік есеп, Қаржы, Маркетинг, Менеджмент, Операциялық басқару, Ақпараттық

Жүйелер және Халықаралық Бизнес салаларынан таңдау мүмкіндігімен бір немесе бірнеше нақты салалардан арнаулы білім алуға мүмкіндігіңіз бар. Сонымен қатар сіз өзіңіз нақты таңдаған саланы одан әрі тереңдетіп зерттеуге мүмкіндік беретін мамандықтарды таңдай аласыз.

Біздің үздік бітірген түлектеріміз ҚМЭБИ МВА бағдарламасының нәтижелілігінің тамаша дәлелі болып табылады. Оларды алдыңғы қатарлы отандық және халықаралық компаниялар бухгалтерлік есеп менеджерлері мен аудиторлары, қаржы аналитиктері және кеңес берушілер, маркетинг бойынша менеджерлер мен брэнд-менеджерлер, адам ресурстарын басқару бойынша менеджерлер, жобалар менеджері, логистика бойынша менеджерлер және бизнесті дамыту бойынша менеджерлер сияқты лауазымды жұмыстарға қабылдайды.



# МАГИСТРАТУРАНЫҢ ОЗЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

## Халықаралық қатынастар саласындағы Магистратура (MIR)

*Сізді көшбасшы ретінде ойлауға оқытатын бағдарлама*

Халықаралық қатынастар бойынша Магистратура Бағдарламасы дипломатиялық корпустағы, халықаралық ұйымдардағы, шағын ұлттық корпорациялардағы, сонымен қатар үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдардағы позициялармен қоса күрделі халықаралық мәселелер сахнасында көшбасшылық ролді атқаруға даяр кәсіби мамандар мен ғалымдарды даярлауға бағытталған. Бағдарламада қарастырылған көлемді ғылыми-зерттеу жұмысы, сондай-ақ бағдарламаның икемділігі жоғары кәсіби біліктілікке мүмкіндік беріп, біздің түлектерімізге тамаша мансаптық әлемет береді.

Бағдарлама магистранттарды қазіргі заманғы ғаламдық саясат теориясымен, сондай-ақ практикасымен таныстыруға бағытталған. Курстар халықаралық қатынастардың анағұрлым іргелі мәселелеріне арналған, дәлірек айтсақ:

халықаралық жүйенің құрылымы қандай, негізгі әрекет етуші тұлға кім, олар нақ қалай әрекет етеді, олар неліктен осылай әрекет етеді, халықаралық қатынастарда халықаралық институттар қандай рөл атқарады, халықаралық құқық пен этникалық пайымдаулар қандай рөл атқарады, мемлекет өзінің сыртқы саясатын қалай тұжырымдайды, сыртқы саясат нені білдіреді және т.б.

MIR бағдарламасы халықаралық қатынас саласынан өз білімін жалғастыруға тілек білдіруші студенттер үшін бірегей мүмкіндіктер ұсынады.

MIR бағдарламасының түлегі бола отырып Сіз үкіметте, дипломатиялық қызметте, халықаралық ұйымдарда, Біріккен Ұлттар Ұйымы мен оның аймақтық өкілдіктерінде, сонымен қатар академиялық салаларда мансаптық қызметіңізді дамыту мүмкіндігін ала аласыз.



# МАГИСТРАТУРАНЫҢ ОЗЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

## Халықаралық Іскер Құқық саласындағы Құқық Магистратурасы (LLM)

*Юриспруденция саласына оқуға түсіп, табысты мансаптық  
лауазымға дайындалыңыз*

LLM дәрежесі құқықтанудың нақты салаларында магистранттарға/тәжірибеден өтуші мамандарға сарапшылық білім беретін құқық саласындағы халықаралық мойындалған дәреже болып табылады. Халықаралық Бизнес-Құқықта маманданумен ҚМЭБИ Құқық Магистратурасы халықаралық масштабтағы заңды жұмыстарға тұрақты түрде тартылып жүрген юриспруденция және бизнес саласындағы маман-практиктерге арнап халықаралық бизнес-құқық ұғымы мен арнаулы білімді ұсынады.

Бағдарлама орнықты ғылыми база мен халықаралық құқық саласындағы практикалық тәжірибеге негізделіп, халықаралық бизнес-құқықпен тікелей байланысты пәндердің кең ауқымын кіргізеді. Бағдарлама негізін төрт базалық пәндер құрайды: халықаралық

бизнестегі мәмілелер, халықаралық дауларды реттеу, салыстырмалы корпоративтік құқық және ғылыми зерттеулер, юриспруденциядан жұмыс жазу (практикалық курс).

Құқық Магистратурасының түлектері қазіргі заманғы бизнес контексіндегі әлеуетті заңды шақырулардың алдын алуға және бәсеңдетуге бағытталған стратегиялық жұмыстар үшін таптырмас маман болып табылады. Халықаралық Бизнес-Құқықта мамандануымен Құқық Магистрі дәрежесін иеленушілер халықаралық бизнес саласында, дәлірек айтсақ, халықаралық бизнес-практикамен заң фирмаларында, шағын ұлттық корпорацияларда, бухгалтерлік және консалтингтік фирмаларда, сонымен қатар үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдарда жұмыс істей алады.



# МАГИСТРАТУРАНЫҢ ОЗЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

## Мемлекеттік Басқару саласындағы Магистратура (МРА)

### *Қоғам игілігі үшін қызмет етуге даярлау*

Мемлекеттік Басқару бойынша Магистратура Бағдарламасы (МРА) ҚМЭБИ-да ашылған алғашқы бағдарламалардың бірі бола отырып, әр түрлі үкіметтік салалардағы көшбасшыларды даярлаудың тамаша мүмкіндіктерін бере алды. Аталмыш шағын пәндік бағдарлама студенттерге менеджмент, бағдарламаларды бағалау және талдау дағдылары, мемлекеттік саясаттың дамуы мен талдауы саласындағы білімнің бірегей үйлесімін ұсынады. .

Екіжылдықоқуағымында(немесесәйкессаладағы алдыңғы білімдік тәжірибесі бар магистранттар үшін бір жылдық) МРА бағдарламасы білім базасын ұлғайтып, шешім қабылдау, сындарлы ойлау шеберлігін және саяси, іскер және коммерциялық емес салалардағы көшбасшылар мен менеджерлердің сарапшылық басқару тәжірибесін жетілдіреді.

Магистранттардың ғылыми-зерттеу және әр түрлі білімдік мүдделеріне сәйкес МРА

Бағдарламасы үш мамандандыруды ұсынады: Мемлекеттік Саясат, Мемлекеттік Менеджмент және Қаржы Менеджменті. Өзіңіздің мүддеңіз бен мансабыңызға қарай сіз мемлекеттік сектордың әр түрлі салаларынан мамандықтарды таңдай аласыз, дәлірек айтсақ: экономикалық даму, қоғамдық даму, білім беру, денсаулық сақтау (әсіресе қоғамдық денсаулық сақтауда), коммерциялық емес ұйымдар, ақпараттық технологиялар және экологиялық саясат.

ҚМЭБИ МРА бағдарламасының түлегі ретінде Сіз бюджеттеу жөніндегі менеджер, гранттар бойынша маман, тәуекелдер бойынша кеңес беруші, денсаулық бойынша менеджер, бюджеттеу және бағалау бойынша аналитик ретінде әр түрлі салалар мен мамандықтарда жұмыс істеуге дайын боласыз. Біздің түлектеріміздің кейбіреулері өз мансабын оқытушылық саладан тапса, тағы біреулері білімін шетелде жалғастыруда.



# МАГИСТРАТУРАНЫҢ ОЗЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

## Басқару Кадрларына арналған Іскер Әкімшілдік Магистратурасы (ЕхМВА)

*Қазақстан, Алматы басқарушыларына арналған әлемдік  
деңгейдегі МВА Бағдарламасы*

ҚМЭБИ Басқару Кадрларына арналған Іскер Әкімшілдік Магистратурасы Бағдарламасы Солтүстік американдық академиялық стандартпен оқытылады және ҚМЭБИ қабылдаған әлемдік деңгейдегі профессор-оқытушылар құрамы сабақ береді. Аталмыш бағдарлама студенттері басшылық позицияларда қызметке тұруға дайындалып жүрген жұмыс істейтін кәсіби мамандар, сонымен қатар өз дағдыларын жетілдіруге, кәсіби шеберлігін арттыруға мүдделі жоғары орындағы басшылар болып табылады.

Демалыс күндері қарқынды оқу сессиялары арқылы басқарушылардың талаптары мен жұмыс кестесіне сәйкес жасалған бағдарлама компанияға басшылық жасау және мансабын жоғарлату үшін талап етілетін түйінді дағдылар мен білімді ұсынады. Басқарушыларға арналған ҚМЭБИ МВА Бағдарламасы студенттердің өз ұйымдарындағы күнделікті жұмысынан қол үзбей оқуына назарын аударуға бағытталған.

Сабақты ҚМЭБИ-і алдыңғы қатарлы оқытушылары, сондай-ақ жергілікті және халықаралық іскер қауымдастығынан шақырылған тәжірибелі кәсіби шебер-практиктер жүргізеді. Бағдарлама оқытушылары ғылыми-

зерттеу жұмыстарындағы және үкіметте немесе индустриядағы практикалық жұмыс тәжірибесі ерекшеліктерінің негізінде мұқият таңдап алынады. Пәндерді беру барысында олар ғаламдық тұрғыларды пайдаланып, осындай бейнедегі өз студенттерінің ойларына қолдап дем беріп отырады. Олар менеджменттің жаңаша теорияларын ұсынып, студенттердің оларды практикада қолдануына көмектеседі.

Ағылшын тілінде оқыту, жаңаша теориялар, таңдаулы әлемдік тәжірибелер және белгілі оқытушылар өзара үйлесе отырып, аудиторияға мансаптық өсу мен ұйымның дамуы үшін талап етілетін білім мен дағдыларды береді.

ҚМЭБИ ЕхМВА Бағдарламасы сіз теория жүзінде де, практика жүзінде де бизнес туралы ұғымыңызды тереңдетуді, тиімді түрде басқарып, жетекшілік жасауға үйренуді, шешімдер қабылдау, келісімге келу және сендіре білу дағдыларыңызды жетілдіруді қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар бағдарлама сізге жаңа мансаптық мүмкіндіктер аша отырып, басқа жетістікке жеткен басшылардан үйренуге және байланыстар орнатуға мүмкіндіктер береді.



# ДОКТОРАНТУРАНЫҢ ОЗЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

## Іскер Әкімшілдік Докторантурасы (DBA)

*Бизнес білімнің шыңына қол жеткізіңіздер*

DBA Бағдарламасы бизнестегі білімдік жетістіктер шыңы болып табылады. Аталмыш бағдарлама ғылыми-зерттеу және білімдік үдеріске жаңа екпін әкеледі. Ол докторанттарды қызықты ғылыми зерттеулер әзірлеп-жүргізуге бағыттайды және оларға бірегей пәнаралық зерттеу пәнінің ұғымын қалыптастыруға көмектеседі. Аталмыш бағдарлама көпдисциплиналық, докторанттар одан бизнес-білім беру шегі мен білімінің кешенді ұғымын алады. DBA бағдарламасы оқыту және кәсіби бизнес-зерттеулер салаларынан әлеуетін арттыруға мүмкіндік беріп, бітірушілерді іскерлік және академиялық ортадағы көшбасшылық позицияларға жұмысқа тұруларына кепілдік береді.

Халықаралық танымал профессорлар мен оқытушылар ұжымын қабылдап, сонымен қатар дүние жүзінің таңдаулы бизнес-мектебінің кейбіреулерімен ауқымды әріптестік баайланыстарды дамыта отырып, ҚМЭБИ аймақтың басқа жерлерінде жоқ іскер әкімшілік саласындағы докторантураның жоғары сапалы бағдарламасын ұсынатын бірегей орын болып табылады.

Бағдарлама АҚШ-тың осы тәрізді бағдарламаларының үлгісі бойынша құрылып, аудиториялық оқуға екі жыл, ғылыми зерттеу мен диссертация жазуға бөлінген екі жыл уақыттан тұрады. Алдыңғы қатарлы университеттер мен дүние жүзі бойынша бизнес-мектептерден шақырылған белгілі ғалымдар мен ҚМЭБИ профессорлары бағдарламаны оқытып, бақылау жүргізеді.

Үміткерлер бағдарламаға базалық білім, ағылшын тілін білу және кепілдік берушілер растаған жұмыс тәжірибесі сияқты критерийлер негізінде қабылданады.

Біздің түлектер білім беру, халықаралық бухгалтерлік есеп және инвестициялар, өндірісті, сатуды және технологиялық қызмет көрсетуді басқару, банк, сақтандыру, менеджмент, ақпараттық жүйелер салаларында көшбасшы бола алады.



# ЕРКІН ТЫҢДАУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ИКЕМДІ ОҚЫТУ

*ҚМЭБИ дәрежелер тағайындау бағдарламасынан басқа еркін тыңдаушы студенттер үшін әр түрлі салалар мен мамандандырулардан кең ауқымды курстар мен сертификациялық бағдарламалар ұсынады. Еркін тыңдаушы ретінде Сіз ҚМЭБИ-дың кез-келген пәнін өтуіңізге болады. Курстар күндізгі, кешкі, сондай-ақ демалыс күндері де өткізіледі. Тұрақта сабақ кестесі аясында ұсынылатын 300 ден аса пәннен басқа келесі бағдарламалары мен таныса алады:*

## **Даярлық бағдарламасы**

Даярлық бағдарламасы Сізге бакалавриат, сондай-ақ магистратура деңгейінде қабылдау емтихандарына дайындалуыңызға көмектеседі. Біздің профессор-оқытушылар құрамы өз тарапыңыздан ерекше назар аударуды талап ететін салалардан білім мен дағды алатындай ҰБТ немесе GMAT тесті сияқты қабылдау емтихандарында тестілеу өткізілетін негізгі пәндер бойынша сарапшылдық білім ұсынады. Сіз өзіңіздің тұрақты оқуыңыздан немесе жұмысыңыздан қол үзбей емтиханға дайындала алуыңыз үшін даярлық курстарының ұзақтығы мен қатысу жиілігін таңдаудың икемді жүйесі қолданылады.

## **Әлем тілдері бағдарламасы**

Әлем Тілдері Бағдарламасы оқу үрдісінде төленетін жоғары сапалы тілдік курстардан тұрады. Бағдарламада жергілікті, сондай-ақ шетелдік оқытушылар сабақ беретіндіктен, оқушыларда үйренетін тілдердің тасымалдаушыларымен тілдік қатынас жасай алатын кең ауқымды практикалық мүмкіндік бар. Бағдарлама өз студенттеріне жоғары сапалы оқыту мен жоғары сапалы материалдарды беруді көздейді және оқушыларға қолайлы болу үшін сабақ жұмыс сағаттарынан тыс уақытта өтетін сабақ кестесін ұсынады.

Ұсынылатын арнайы әзірленген курстарға MBA бағдарламасына даярлануға арналған ағылшын тілі, Ағылшын грамматикасы курсы, мұнайгаз саласына арналған ағылшын тілі, заң салаларында қолданылатын ағылшын тілі, бухгалтерлік ағылшын тілі, банк және қаржы саласына арналған ағылшын тілі, TOEFL және IELTS даярлау курстары кіреді. Стандартты ұсынылатын курстарда оқытылатын пәндер: барлығына арналған ағылшын тілі, орыс тілі, күнделікті қолданылатын француз және іскерлік тілі, қытай тілі (Мандарин диалектикасы), испан тілі және т.б.

## **ҚМЭБИ педагогтардың біліктілігін жоғарлату**

ҚМЭБИ біліктілікті жоғарлату курстары кез-келген пән оқытушысына өз білімі мен тәжірибесін жетілдіруге мүмкіндік береді. Курстарда оқытушылық практика негіздері ретінде Қолданбалы және Білімдік Лингвистика идеялары қолданылады. Олар сізге өзіңіздің оқытушылық сенім-дағдыларыңызды қайта қарауға, оқу жоспарлары мен оқытудың практикалық тәсілдерін әзірлеудегі идеяларды пайымдауға, сонымен қатар өз студенттеріңіздің академиялық үлгерімдерін бағалауға көмектесетін бағалаудың жаңа әдістерін енгізуге, өзіңіздің оқытушылық жұмысыңыздың тиімділігін айқындауға көмек беру үшін әзірленген. Әрбір курсты бітіргеннен кейін сертификаттар беріледі.

## **Сертификациялық Бағдарламалар**

Өздерінің іскерлік және әкімшілік дағдыларын жаңартуға тілек білдіруші жұмыс істеп жүрген кәсіби мамандарға арнап Үздіксіз Білім Беру Факультеті «Ашық Қабылдау және Сертификациялар Бағдарламалары» мен «Біліктілікті Жоғарлату Бағдарламасын» ұсынады. Бұл бағдарламалар тұрақты түрде іскер әкімшіліктің барлық пәндерінен курстар мен тренингтер ұсынады, оның мақсаты клиенттер өздерінің мансабына үлкен ықпал көрсете алатындай нақты білімді алуға бағытталған. Екі бағдарламаның да курстарын нәтижелі өткендерге сертификаттар беріледі.

Ашық Қабылдау және Сертификациялар Бағдарламалары курстарына қатысушылар негізгі жұмыстарынан қол үзбей оқи алатындай кешке және демалыс күндері өткізіледі. Біліктілікті Жоғарлату Бағдарламасы жаңа білім мен дағдыларды жылдам игеру мүмкіндігін беретін қарқынды күндізгі семинарларды ұсынады. Тренингтер мен семинарлардың оқу кестесі өзіңіздің ұйымыңызға қолайлы және оның қажеттіліктеріне сәйкес келуіне қарай құрастырылады.



# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОҚУ ОРЫНЫ

ҚМЭБИ өз студенттеріне алдыңғы қатарлы қазақстандық және шетелдік ғалымдар беретін жоғары сапалы білімді ұсынатындығын мақтан етеді. Сонымен қатар ҚМЭБИ ТМД елдерінің барлық жоғары оқу орындарының арасында батыстық үлгідегі докторлық дәрежедегі оқытушылардың саны жағынан басымдығымен мақтан алады. Біздің оқытушыларымыз 20 дан аса әр түрлі елдің өкілдері және оларды жоғары біліктілік деңгейі, үздік ғылыми-зерттеу жұмыстары және біздің студенттеріміз үшін жоғары білім сапасын ұсыну ісіне бұлжымас беріктік қасиеттері біріктіреді. Бұдан басқа ҚМЭБИ студенттерге өздерінің халықаралық көкжиегін кеңейтудің сан алуан мүмкіндіктерін ұсына алады. Аталмыш сәтте ҚМЭБИ Еуропа, АҚШ, Канаданың аса мәртебелі жоғары оқу орындарымен қоса дүние жүзі бойынша 50 ден аса жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықта жұмыс істейді.

## **Халықаралық жағдай**

Бүгінгі таңда ҚМЭБИ-де АҚШ пен Еуропаның жетекші университеттерінен докторлық дәрежеге ие болған тоқсаннан аса халықаралық оқытушылар жұмыс істейді. Сонымен қатар ҚМЭБИ шетелдік әріптес жоғары оқу орындарынан шақырылған халықаралық оқытушыларды тұрақты түрде жұмысқа қабылдап отырады. ҚМЭБИ-да Алмасу бағдарламасы бойынша студенттер мен кәдімгі студенттермен қоса шетелдік студенттердің қатары үнемі артып келеді. 2008-2009 оқу жылында ҚМЭБИ-де 20 дан аса елден (Қытай, Германия, АҚШ, Ұлыбританияны қоса) 200 ден аса шетелдік студент оқиды. Бұл шын мәнісінде дүние жүзінің түпкір-түпкірінен келген адамдармен танысып, достасуға болатын халықаралық жағымды жағдайды жасап отыр деуге әбден болады.

## **Студенттік Алмасу Бағдарламалары**

Сіз ҚМЭБИ студенті болғаннан кейін бір немесе екі семестр бойына бізбен әріптестік қарым-қатынас орнатылған халықаралық жоғары оқу орындарының бірінде оқуыңызға болады. Аталмыш сәтте ҚМЭБИ Массачуссетс Университетімен, Ринодағы Невада Университетімен, Вайоминг Университетімен (АҚШ), Тилбург Университетімен, Амстердам Университетімен (Нидерланды), Лунд Университетімен (Швеция), Аархус Бизнес Мектебімен (Дания), Алгарве Университетімен (Португалия), Гумбольдт Университетімен (Берлин) және Корей Университетінің Бизнес Мектебімен (Оңтүстік Корея) Алмасу Бағдарламаларын ұсынады. Алмасу Бағдарламасына қатыса отырып, Сіз баға жеткісіз халықаралық тәжірибе алу, әр түрлі елдерден адамдарды жақынырақ білу, ағылшын тілін жетілдіру және басқа тілдерді зерттеу мүмкіндіктеріне ие боласыз. 2008-2009 оқу жылында ҚМЭБИ 100 ден аса студенті Алмасу Бағдарламасына қатысу үшін іріктеп алынды. Олардың ширекке жуық студенттері тегін тұрудан бастап, ай сайын шәкіртақы алатын гранттарға ие болды.

# ФАКУЛЬТЕТТЕР МЕН КАФЕДРАЛАР

*ҚМЭБИ-де алты академиялық бөлім бар. Академиялық саланы Академиялық Мәселелер жөніндегі Вице-Президент пен Академиялық Мәселелер жөніндегі Ассоциативті Вице-Президент басқарады.*

Жалпы Білім беру Мектебі бакалавриат студенттеріне дәреже алу үшін оқу барысында олардың көлемді білім негізін алуын қамтамасыз ете отырып, әр түрлі салалардан пәндердің кең ауқымын ұсынады.

Декан: Кэти Паркисон. Азаматтығы: АҚШ. Білімі: Өнеркәсіптік Ұйымдастыру, Эконометрика және Халықаралық Экономика салаларындағы Ғылым Докторы (Ph.D), Пердью Университеті, Айова штаты, АҚШ.

Әлеуметтік Ғылымдар Факультеті Журналистика және БАҚ, Саясаттану, сонымен қатар Халықаралық Қатынастар және Мемлекеттік Басқару салаларындағы дәреже тағайындаушы төрт кафедраға бөлінген. Мемлекеттік Басқару Кафедрасы Қоғамдық Ғылымдар және Басқару саласындағы Ұлттық Қауымдастық Мектебінің (АҚШ) – NASPAA мүшесі, ал Саясаттану Кафедрасы Американдық Саясаттану Қауымдастығының – APSA мүшесі болып табылады.

Декан: Мостафа Голам. Азаматтығы: Канада. Білімі: Саяси Ғылымдар және Халықаралық Қатынастар саласындағы Ғылым Докторы (Ph.D.), Карлетон Университеті, Оттава, Канада.

Бэнг атындағы Бизнес Факультеті Қаржы, Бухгалтерлік Есеп, Менеджмент және Маркетинг, сонымен қатар Ақпараттық Жүйелер және Операциялық Басқару мамандықтарымен Іскер Әкімшілік саласындағы дәреже тағайындаушы төрт кафедраға бөлінген. Факультет Құқық Мектебі мен Колледждердің Дамуы жөніндегі Қауымдастықтың – AACSB мүшесі болып табылады. [www.aacsb.edu/about/](http://www.aacsb.edu/about/)

Декан: Санг Хун Ли. Азаматтығы: Оңтүстік Корея / АҚШ. Білімі: Қаржы Экономикасы саласындағы Ғылым Докторы (Ph.D.), Жаңа Орлеан Университеті, Луизиана штаты, АҚШ.

Тілдер Орталығы Басқа Тілдер Тасымалдаушыларына Ағылшын Тілін Оқыту бойынша Магистратура Бағдарламаларын, сонымен қатар дәреже тағайындаусыз әр түрлі

әлем тілдері бойынша (шетелдіктерге арналған ағылшын және орыс тілдері) курстарын ұсынады.

Директор: Кеннет Сэйселл. Азаматтығы: Оңтүстік Африка. Білімі: Ағылшын Тілі бойынша Гуманитарлық Ғылымдар Магистрі, Родес Университеті, Грэхэмстаун, Оңтүстік Африка.

Құқық Мектебі бакалавриат студенттері үшін құқықтану бойынша қосымша мамандықты ұсынады, ал лицензия алғаннан кейін, 2009 жылдың көктемінен бастап Халықаралық Іскерлік Құқық саласынан Құқық Магистратурасын (LLM) ұсынатын болады.

Директор: Джон Райт. Азаматтығы: АҚШ. Білімі: Мемлекеттік Білім Беруді Басқару саласындағы Ғылым Докторы (Ph.D.), Миссиссипи Университеті, Миссиссипи штаты, АҚШ.

Үздіксіз Білім беру Факультеті студенттерді жоғары оқу орындарына қабылдау емтихандарын тапсыруға даярлау және оқуын табысты жалғастыру бағдарламаларын, сонымен қатар ол нақты дағдыларын жетілдіруді және өзінің ұйымының жұмысына қосар үлесін күшейтуді жоспарлаған жұмыс істеп жүрген кәсіби мамандарға сертификаттар беру бағдарламаларын ұсынады.

Декан: Альберт Лэнг. Азаматтығы: Канада. Білімі: Іскер Әкімшілік Магистрі (MBA), Британдық Колумбия Университеті, Канада

Ақпараттық-Компьютерлік Жүйелер Орталығы (АКЖО) ҚМЭБИ-дің оқыту, зерттеу және әкімшілік жұмыстарының үдерісіне жаңа технологияларды енгізу және техникалық қолдауды жүзеге асырады.

Ақпараттық технологиялар бойынша курстар бағдарламасы ҚМЭБИ студенттеріне АТ саласындағы білімді игеруге, оларды тиімді түрде ұғынып, әрі қарай қолдануларына көмектеседі.

Директор: Степанова Галина. Азаматтығы: Қазақстан. Білімі: компьютерлік ғылымдар саласындағы диплом. Қ. И. Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Университеті



Дэйна Стивенс,  
Академиялық  
Мәселелер жөніндегі  
Вице-Президенттің  
Міндетін атқарушы



Джон Харр,  
Академиялық  
Мәселелер жөніндегі  
Ассоциативті  
Вице-Президенттің  
Міндетін атқарушы



Кэти Паркисон,  
Үздіксіз Білім Беру  
Факультетінің  
Деканы



Кеннет Сэйселл,  
Тілдер Орталығының  
Директоры



Мостафа Голам,  
Әлеуметтік  
Ғылымдар  
Факультетінің  
Деканының міндетін  
атқарушы



Джон Райт,  
Құқық Мектебінің  
Директоры



Санг Хун Ли,  
Бэнг атындағы  
Бизнес Факультетінің  
Деканы



Альберт Лэнг,  
Үздіксіз Білім беру  
Факультетінің  
Деканы



Степанова Галина  
Дмитриевна,  
Ақпараттық  
Компьютерлік  
Жүйелер  
Орталағының  
Директоры



# ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮЛГІДЕГІ ИНСТИТУТ ҚАЛАШЫҒЫ

ҚМЭБИ Алматы қаласының орталығындағы тұтас кварталды алып жатқан көгалға оранған институт қалашығында орналасқан. Мақсатты бағытталған капиталдық инвестициялар нәтижесінде соңғы бес жылдың ішінде институт қалашығы оқу мен оқытудың озық заманауи және тамаша жабдықталған жайлы орталығына айналды.

## **Кітапхана**

2005 жылы кітап қорында 90 000 аса томдары бар, Орталық Азиядағы жоғары оқу орнының осындай тектегі тұңғыш кітапханасы болған, ғылыми-зерттеу қажеттіліктерін есепке ала отырып салынған жаңа кітапхана ашылды. Онда конференц-залдары, бірнеше компьютерлік кластар және әр түрлі қабаттарда орналасқан бірнеше оқу залдары бар.

## **Ақпараттық Технологиялар мен мультимедиалық қолдаудың жаңа жетістіктерімен жабдықталған оқу базасы**

ҚМЭБИ өзінің студенттеріне оқыту мен білім беруде жаңа мультимедиалық технологияларды ұсынады. Бізде ЖК-проекторларымен 75 жаңа қазіргі заманғы үлгідегі компьютер кластары, сондай-ақ Smart Desk жабдықталған бірнеше аудиториялар бар. 2008 жылы сәуір айында

ҚМЭБИ-да жаңа оқу корпусы ашылды, ол институтқа 10 миллион АҚШ долларына түсті. Жоғары оқу орнының қажеттіліктерін есепке алумен салынған оқу корпусы Институт аумағындағы қолжетімді, әлемдік деңгейдегі құндылыққа ие болған жаңалықты көрсетеді. Барлық компьютерлік зертханалар мен студенттердің өз бетінше сабаққа даярлануына арналған орындар ішкі институттық ақпараттық желілер мен Интернет желілеріне қосылған. Бұдан басқа, институт аумағының әр түрлі маңызды нүктелерінде Интернетке желісіз қосу қарастырылған. Компьютерлік зертханалар демалыссыз, таңертеңнен кешке дейін жұмыс істейді. Сонымен қатар институтта аймақтағы осындай тектегі тұңғыш он-лайн режимінде тіркеу жүйесі бар.

## **Демалысты ұйымдастыру**

ҚМЭБИ-да мәдени және әлеуметтік шаралар, сонымен қатар Институт студенттері мен қонақтарына арналған концерттер мен кештер өткізілетін қазіргі заманғы үлгідегі студенттік орталық бар. Акт залы 500 орынға есептелген, онда кинофильмдер, концерттер, театр қойылымдары көрсетіліп, жыл сайын «ҚМЭБИ Аруы» сайысы өткізіледі.





# СТУДЕНТТЕР ҮШІН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТҮРЛЕРІ

## Студенттерді орналастыру

ҚМЭБИ аумағында ыңғайлы орналасқан 424 орынға арналған, жақында жөндеуден өткен жатақхана студенттердің пайдалануына берілген. Жатақхананың төрт тұрғын қабаттарында тұруға жайлы, таза және екі адам тұруға есептелген бөлмелер бар. Жатақханада кір жуатын, сабаққа дайындалатын, бильярд ойнайтын, теледидар және DVD-ойнатқыштар бөлмелері, шаштараз бен ас бөлмесі тәулік бойы жұмыс істейді. Таңертеңгі, түскі, кешкі тамақтандыру қызметі көрсетіледі, сонымен қатар 24 жұмыс орнына арналған компьютерлік зертхана бар. Кәбілдік телевидение, телефон байланысы, электр және сумен қамту сияқты коммуналдық қызмет көрсетулер тегін ұсынылады.

Жатақханаға орын бөлу кезінде бірінші кезекте шетелдік студенттер мен еліміздің әр аймақтарынан Алматыға келген қазақстандық студенттерге назар аударылады. ҚМЭБИ шетелден немесе еліміздің әр аймағынан келген барлық оқуға қабылданған студенттерді алғашқы оқу жылында жатақханадағы орынмен қамтамасыз ету үшін барлық күшін жұмсайды. 2007-2008 оқу жылында жатақханадан орын алуға өтініш білдірген барлық бірінші курстардың 100% оқудың алғашқы семестрінде жатақханаға орналастырылды.

## Студенттерге тамақтандыру қызметін көрсету

Студенттердің тамақтануы үшін мейрамхана түріндегі кафе қызметін көрсететін «ҚМЭБИ Гриль» студенттік асханасы, қол жетерлік тиімді бағамен өзіне-өзі қызмет көрсететін кафетерия, жатақханадағы асхана және екі кофехана жұмыс істейді.

## Қауіпсіздік және Денсаулық

ҚМЭБИ-да жатақханада тұратын, басқа жерде тұратын студенттердің қажеттіліктеріне қызмет көрсететін қазіргі заманғы Медицина Орталығы жұмыс істейді. ҚМЭБИ аумағы тәулік бойы, демалыссыз кәсіби күзет қызметінің бақылауында болып, студенттердің оқуы мен Институт қызметкерлерінің жұмысы үшін қауіпсіз жағдайды қамтамасыз етеді.





# ЖАРҚЫН СТУДЕНТТІК ӨМІР

ҚМЭБИ басшылығы оқу аудиторияларынан тыс өтіп жатқан жеке тұлғалық даму сабақ оқудан маңыздылығы бірде-бір кем емес екендігіне көздері жеткен. ҚМЭБИ студенттердің сабақ оқу кезінде де, сабақтан тыс уақыттарында да үнемі зияттылық және жеке тұлғалық дамуына қолдап дем беретін жағдайларға барлық күш-жігерін жұмсайды.

## Студенттік Ұйымдар

Кез-келген жоғары оқу орнында студенттік ұйымдар өмірлік маңызды роль атқарады. Бүгінгі таңда ҚМЭБИ-де кәсіпкерлік, журналистика, дипломатия, дебаттар, бейнелеу өнері, кино, театр, саясат, спорттық командаларды қолдау, көңіл көтеру және қайырымдылық сияқты шаралар өткізетін 30 жуық тіркелген Студенттік Ұйымдар жұмыс істейді. Аса әйгілі студенттік шаралардың қатарына КТК ойындары мен “ҚМЭБИ Аруы” сайысы жатады. ҚМЭБИ студенті ретінде Сіз бұрыннан бар студенттік ұйымдардың жұмысына қатысып қана қоймай, сабақтан тыс студенттік өмірге толығымен кіргену үшін өзіңіздің жеке ұйымыңызды құруыңызға болады.

## Студенттік Басылымдар

ҚМЭБИ студенттері «KIMEP Times» газеті мен «KIMEP Pie» журналымен қоса Институтта кең таралған бірнеше басылымдар шығарады.

## Спорт

ҚМЭБИ спортқа байыпты түрде қарайды. Студенттер гимнастикалық зал, жабық баскетбол алаңы және ашық футбол алаңы кіретін толығымен жабдықталған спорт кешенін пайдалану мүмкіндігіне ие болған. ҚМЭБИ спорт командалары тұрақты түрде әр түрлі спорт түрлерінен институт ішіндегі, жергілікті, аймақтық және халықаралық жарыстарға қатысады. ҚМЭБИ сонымен қатар американдық футбол бойынша Қазақстандағы жалғыз «ҚМЭБИ Титандары» командасын мақтан етеді.

## Студенттердің ЖОО басқаруға қатысуы

ҚМЭБИ студенттердің жоғары оқу орыны жұмысының ережелері мен тәртібін әзірлеуге қатысу талаптары мен мүмкіндіктерін үнемі қолдап отырады. ҚМЭБИ-да студенттер сайлаған Студенттік Үкімет мүшелері жоғары оқу орнының жұмысын реттеуші барлық негізгі комитеттердің тең құқылы мүшелері бола отырып, Институт өкімшілігінің алдында студенттердің мүдделерін көрсетеді.





# ӨЗ БОЛАШАҒЫҢЫЗДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРЫҢЫЗ

ҚМЭБИ-де алған білім Сізге Қазақстан мен ТМД елдерінде жоқ мансаптық қызмет ұсынады. ҚМЭБИ түлектері отандық және халықаралық компанияларда тұрақты түрде маңызды лауазымды қызметтерге орналаса отырып, Орталықазиялық еңбек нарығында үстем роль атқарады. Жұмыс берушілердің қанағаттанушылық пікіртерімі басқа жоғары оқу орындарымен салыстырғанда жоғары кәсіби даярлық және тілдерді білумен себепші болған ҚМЭБИ түлектеріне компаниялардың берген жоғары бағалауларынан көрінеді. ҚМЭБИ берген білімнің құндылығы аталмыш оқу орнының түлектерінің 95 % оқу бітіргеннен кейін үш айдың ішінде жұмысқа орналасуымен дәлелденіп отыр.

## Оқу бітіргеннен кейінгі мансаптық қолдау

ҚМЭБИ студенті болғаннан кейін сіз тек студенттік өмір жылдарында ғана емес, оқу бітіргеннен кейін де өзіңізге осы «альма-матер» тарапынан көрсетілген қолдауын сезінетін боласыз. ҚМЭБИ-де студенттерге оқу оқыған кездерінде де, оқуды бітіргеннен кейін де кешенді қызмет ауқымын көрсететін арнаулы Мансаптық және Жұмысқа Орналастыру Орталығы құрылған. Мансаптық және Жұмысқа Орналастыру Орталығы ұсынған қолдау – бұл ҚМЭБИ түлектерінің арасында мамандығы бойынша жұмысқа орналасудың бірегей жоғары көрсеткішіне мүмкіндік беретін тағы бір фактор.

## Бүгінгі таңда ҚМЭБИ түлектері жұмыс істеп жүрген компаниялар мен ұйымдардың тізімі:

Сыртқы Істер Министрлігі

Канада Елшілігі

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Шетелдік Инвесторлар Кеңесі

Еуразиялық Қор

UNHCR

Бейбітшілік Корпусы

ЕКҚҰ

Қазақстан Бас Прокуратурасы Халықаралық Қатынастар Бөлімі

Transparency Kazakhstan Қоры

Алматы қаласы Әкімдігі

КТК телеарнасы

Алматы Мега-Орталық

ПРООН

UNI Oil

АҚШ Елшілігі

«ЮСКО» Компаниясы

Көші-қон бойынша Халықаралық Ұйым

31 Канал

Еуропа плюс

Астана Моторс

«AON Insurance» Компаниясы

Шотландия Корольдік Банкі

«Air Astana» Компаниясы

Банк АТФ

Қазақстандағы Американдық Сауда Палатасы

«British American Tobacco» Компаниясы

Банк Туран Алем

Oracle Компаниясы

Ситибанк

«Groupe Danone» Компаниясы

«Deloitte» Компаниясы

«Ernst & Young» Компаниясы

«KPMG» Компаниясы

«PricewaterhouseCoopers» Компаниясы

Эфес Караганда

«Gallaher Group» Компаниясы

«ГРАТА» Компаниясы

Halyk Finance

Корпорация Хайатт

Халық банкі

ҚМЭБИ

Қазкоммерцбанк

ҚазМұнайГаз

Қазақстандық Қор Биржасы

Корея Республикасының Елшілігі

Нұрбанк


Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

«Ренессанс Капитал» Компаниясы

Самсунг

«Теңізшевройл» Компаниясы

ТИРУ 2008 ВЫПУСК 2008 GRADUATION 2008



# ӨЗ БОЛАШАҒЫҢЫЗДЫ БҮГІННЕН БАСТАҢЫЗ

## Институтқа қабылдау және құжаттар тапсыру тәртібінің сипаты

*ҚМЭБИ жоғары жетістіктер әлеуетін көрсеткен және қоғам игілігі үшін өзінің жұмыс істеу қабілетін дәлелдей алған студенттерді қабылдауға тырысады. ҚМЭБИ нәсіліне, этникалық белгісіне, ұлтына, азаматтығына, дініне, жынысына, әлеуметтік немесе жыныстық бағдарына, принциптеріне, отбасылық жағдайына, дене кемістігіне, шалғай жерде тұруына, жасына немесе басқа субъективті критерийлеріне қарамастан жеке тұлғаларды немесе топтарды кемсітпейді. ҚМЭБИ барлық білікті жеке тұлғалар үшін оқуға түсудің тең мүмкіндіктер саясатын ұстанады.*

ҚМЭБИ-да барлық талапкерлер үшін құжаттар тапсыру мен оқуға түсудің айқын және ашық тәртібі орын алған. Біз талапкерлерді жыл бойы кез-келген уақытта шын ықыласымызбен күтеміз.

ҚМЭБИ және институт ұсынған бағдарламалар туралы толық ақпаратты келесі дерек көздерінен алуға болады:

- [www.kimber.kz](http://www.kimber.kz) адресі бойынша біздің интернет-сайтты қарау
- Кез-келген Ашық Есік Күніне келу (оның өткізілетін орны мен нақты уақыты туралы хабарландыру алдын ала [www.kimber.kz/admission](http://www.kimber.kz/admission) -> Open House Days адресі бойынша орналастырылады )
- Институт аумағы бойынша жоспарланған турға қатысу
- Өзіңіздің аймағыңыз бойынша Қабылдау Комиссиясының Маманымен жеке кездесу белгілеу
- Өзіңіздің аймағыңыз бойынша Қабылдау Комиссиясының Маманы арқылы факультет немесе бағдарлама өкілдерімен, немесе Факультеттің Кеңес Беру Орталығы немесе Қаржылық Қолдау Бөлімі қызметкерімен кездесу белгілеу
- Өзіңізге қолайлы кез-келген уақытта ҚМЭБИ-ға келу
- ҚМЭБИ студенттерімен немесе түлектерімен сөйлесу



# ӨЗ БОЛАШАҒЫҢЫЗДЫ БҮГІННЕН БАСТАҢЫЗ

## ҚМЭБИ-ға қалай түсуге болады – бес негізгі кезең

### **1 – кезең** Оқуға түсу үшін құжаттар даярлау

Бакалавриат бағдарламасына оқуға түсуге тілек білдіруші талапкерлер оқуға түсудің толтырылған формасын, төлқұжат немесе жеке куәлігінің көшірмесін, орта білімі туралы аттестат пен орта мектептің 9-11 сыныптарындағы бағалармен табельдерінің көшірмесін тапсыруы керек. Кейбір бағдарламаларға қосымша құжаттар тапсыру талап етіледі. Талапкерлердің оқудағы немесе оқудан тыс жетістіктері үшін алған кез-келген сертификаттарын, грамоталары мен наградаларын тапсыруларына болады.

Магистратура бағдарламасына оқуға түсуге тілек білдіруші талапкерлерден оқуға түсудің толтырылған формасын, жоғары білімі туралы дипломын, түйіндеме, эссе және екі көпілхат тапсыру талап етіледі. Кейбір бағдарламаларға қосымша құжаттар тапсыру талап етіледі.

### **2 – кезең** Құжаттарды тапсыру және құжаттарды тапсырғаны үшін жарна төлеу

Құжаттардың толық қапшығын жинағаннан кейін бізге келесі тәсілдердің бірімен жіберулеріңізді өтінеміз:

1. Он-лайн режимінде құжаттарды тапсыру: <http://www.kimber.kz/admission>

2. [application@kimber.kz](mailto:application@kimber.kz) адресі бойынша электрондық пошта арқылы құжаттардың сканерленген көшірмелерін жіберу

3. ҚМЭБИ, Абай даңғылы 4, 050010, Алматы, Қазақстан Республикасы мекенжайы бойынша Қабылдау Комиссиясына поштамен жіберу

Біз құжаттар қапшығын он-лайн режимінде жібергеніңізді қолайлы көреміз. Құжаттардың түпнұсқалары оқуға түскеннен кейін тапсырылады.

Азаматтығы және құжаттар тапсыратын бағдарламасына қарамастан барлық талапкерлерге құжат тапсырғаны үшін жарна төлеуі қажет. Сіз жарнаны банктік аударым арқылы төлеуіңізге болады, бұл жағдайда төлегеніңіз туралы ақпаратты оқуға түсуге жинаған құжаттар қапшығымен бірге жіберу керек. Біршама толық ақпаратты [www.kimber.kz/admission](http://www.kimber.kz/admission) -> Application

fee адресі бойынша алуға болады.

### **3 – кезең** Қабылдау емтихандарын тапсыру

Сіз он-лайн режимінде өзіңіз тапсырған құжаттарды өңдеу қай кезеңде екенін тексеруіңізге болады ([www.kimber.kz/admission](http://www.kimber.kz/admission) -> Your application status). Сіздің құжаттарыңыз алына салысымен сіз Алматыда және Қазақстанның басқа ірі қалаларында өткізілетін қабылдау емтихандарын тапсыруға шақырылатын боласыз. Барлық талапкерлер ҚМЭБИ Қабылдау Емтиханын Ағылшын Тілі бойынша тапсыруы тиіс немесе TOEFL/IELTS тестерінде алынған баллдары туралы ресми жарамды сертификаттарын тапсыруы керек. Бакалавриат бағдарламасына құжат тапсырушы қазақстандық талапкерлер Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі тестілеуден өту жылына талап еткен алынған өтпелі баллды көрсететін Ұлттық Біріңғай Тестілеуден өткені туралы жарамды сертификатын тапсыруы керек (математика бойынша бөлім ҚМЭБИ үшін “мамандандырылған пән” болып табылады). Шетелдік талапкерлер SAT/ACT тестінің нәтижелерін немесе кез-келген эквиваленттік тесті тапсыруларына болады немесе ҚМЭБИ шетелдік студенттер үшін ұйымдастырған қабылдау емтихандары сессияларының бірінің уақытында Бакалавриат бағдарламасына ҚМЭБИ Емтиханын тапсыру керек (емтихандардың өтетін орны мен уақыты туралы ақпаратты [www.kimber.kz/admission](http://www.kimber.kz/admission) -> Entrance Exams dates адресінен алуға болады).

Магистратура Бағдарламаларына Қабылдау Емтихандарына әдетте Ағылшын тілі және Магистрлік Тест немесе талапкер түсуге тілек білдіруші бағдарламаға байланысты эссе кіргізіледі. Кейбір бағдарламаларда талапкерден әңгімелесуден өту талап етіледі.

Сіздің қабылдау емтиханында алған нәтижелеріңіз бен академиялық үлгеріміңізге байланысты оқу басталатын күзгі семестрдің алдында жаз бойы математика және/немесе ағылшын тілі пәндері бойынша қосымша даярлық курстарын өту қажет болады.

# ӨЗ БОЛАШАҒЫҢЫЗДЫ БҮГІННЕН БАСТАҢЫЗ

## ҚМЭБИ-дегі сіздің оқу ақыңыз қалай төленеді

### **4 – кезең** Қабылдау туралы шешімді білу

Қабылдау емтихандарының нәтижелері он-лайн режимінде қолжетімді, сондай-ақ сіз өзіңіздің аймағыңыз бойынша Қабылдау Комиссиясының Маманынан білуіңізге болады. Бакалавриат, сондай-ақ магистратура бағдарламаларына оқуға түсу критерийлеріне академиялық үлгерім, ағылшын тілін білу, жұмыс тәжірибесі және көшбасшылық, шығармашылық, оқудан тыс әрекеттер үйлесіміндегі жеке қол жеткен жетістіктер кіргізіледі. Оқуға қабылдау туралы шешім алдымен бағдарлама деңгейінде, содан кейін факультет деңгейінде қабылданып, Институт деңгейінде түбегейлі бекітіледі.

### **5 – кезең** Пәндерге тіркеу

Барлық қабылданған студенттерге бағдарлар, кеңес беру, сабақ кестесі және оқу ақысы, жазғы семестрге алдын ала курстарға тіркеу және күзгі семестрде бағдарлама бойынша оқу пәндері, дәрігерлік тексеру және Институттың негізгі ережелері мен тәртібі мәселелерімен қоса пәндермен байланысты ақпарат баяндалған «Қабылданған студентке арналған құжаттар қапшығы» жіберіледі (оны студент Институттың өзінен де алуға болады). Сізге сонымен қатар өзіңіздің академиялық құжаттарыңыз бен дәрігерлік анықтамаңыздың түпнұсқасын тапсыру талап етіледі. Сіз барлық құжаттарыңыздың түпнұсқаларын тапсырып, өзіңіз алған пәндер үшін оқу ақысын төлегеннен кейін он-лайн режимінде пәндерге тіркелуіңізге болады.

Әдетте Күзгі семестрдегі сабақ Тамыз айының соңында басталады.

ҚМЭБИ-дегі оқу ақысы кез-келген нақты семестрде студент тіркелетін пәндердің санына негізделеді. Студенттерге бір семестрде өзінің жеке қалауы мен оқу жоспарына байланысты бірден алты пәнге дейін алуға рұқсат етіледі.

Оқу ақысы Күзгі және Көктемгі семестрлер үшін үш төлеммен жүргізілуі мүмкін, ол студенттерге іс жүзінде ай сайынғы негізде оқу ақысын төлеуге мүмкіндік береді (академиялық күнтізбені қарауыңызды өтінеміз: [www.kimber.kz/admission](http://www.kimber.kz/admission) -> Academic calendar).

Өзінің оқу үшін бір жылға алдын ала төлеген студенттерге белгіленген жеңілдіктер беріледі.

ҚМЭБИсоныменқатароқуғажеңілдіктер,гранттар түрінде әр түрлі қаржылық көмектер және бір мезетте оқу оқып, жұмыс істеу мүмкіндіктерін ұсына алады. Институт мұқтаж студенттерге қолдан келген барлық көмегін көрсетеді.

---

*\*Жазғы семестр үшін, еркін тыңдаушы ретіндегі оқу үшін және ExMBA бағдарламасы үшін оқу ақысы семестр басталғанға дейін 100% алдын ала төлеу принципі бойынша жүргізіледі.*

# ҚАРЖЫЛЫҚ КӨМЕК

*ҚМЭБИ талантты студенттерге қаржылық жағдайларына қарамастан тең мүмкіндіктер ұсынуға ұмтылады: институт әлеуметтік жағынан әлсіз отбасылардың студенттерінің оқуына көмек көрсету үшін 1,5 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі шәкіртақы қорына бақылау жасайды.*

ҚМЭБИ студенттің көрнекті академиялық үлгерімі мен материалдық қиын жағдайларының негізінде өзінің жеке қорынан берілетін әр түрлі шәкіртақылар мен жеңілдіктер ұсынады. Шәкіртақылар: талапкерлерге арналған шәкіртақылар – Нұрсұлтан Назарбаев шәкіртақысы, Алтын Белгі шәкіртақысы және шетелдік студенттерге арналған шәкіртақы; әлдеқашан оқып жатқан студенттерге арналған шәкіртақылар – ҚМЭБИ Президентінің шәкіртақысы, ҚМЭБИ деканының шәкіртақысы және Қазақстан Республикасы Президентінің шәкіртақысы; зейнеткерлердің балаларына, ата-анасының біреуі ғана бар балаларға, жетім және бір отбасының студент балаларына арналған «оқу-жұмыс» бағдарламасы бойынша оқуға жеңілдіктер және «оқу-жұмыс» бағдарламасы бойынша басқа қаржылық көмек. ҚМЭБИ қызметкерлері мен олардың балаларына да оқуға жеңілдік бағдарламасы ұсынылады.

ҚМЭБИ Кукмин Банк, Procter & Gamble, CitiBank, AGIP, PricewaterhouseCoopers, Deloitte, ACCELS

халықаралық компаниялармен және ТұранӘлем Банкі, Қазкоммерцбанк, ҚазМұнайГаз, Теңізшевройл, КРО, Қаражанбасмұнай сияқты және көптеген қазақстандық көшбасшы кәсіпорындармен бірлескен шәкіртақылық бағдарламаларының бар екендігін мақтан етеді.

2007-2008 жылдары ҚМЭБИ-ді 15% студенті қандай-да бір қаржылық көмек түрлерін алды. Бұл сан қаржылық көмек алуға өтініш берген жалпы студенттердің 73% құрайды. Қаржылық көмек алған әрбір бесінші студентке 100% шәкіртақы беріліп немесе оқу ақысын төлеуден босатылды, яғни ол 200 дерлік студентті немесе барлық оқушылар контингентінің 4% құрайды.

Жоғарыда аталған шәкіртақыларға қосымша ҚМЭБИ-да оқу үшін қаржыландырудың мүмкін болатын тәсілдерін (банктік займдарды, сыртқы қаржылық қолдау және гранттарды) белсенді іздестірген студенттерге Институт әрдайым қолдау көрсетіп отырады.



# ҚМЭБИ: НЕГІЗГІ ФАКТІЛЕР МЕН СТАТИСТИКА

1992 жылы 1 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығы бойынша құрылды.

## Республикамыздағы Рейтинг

2006-2007 жылдары Білім Министрлігі Ұлттық Аккредиттеу Орталығы жүргізген тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша ҚМЭБИ Қазақстандағы гуманитарлық және экономикалық жоғары оқу орындарының арасында бірінші орын алды.

## Оқу бітірушілерді жұмысқа орналастыру бойынша статистикалық мәліметтер

2007 жылғы ҚМЭБИ түлектерінің 95 пайызы институт бітіргеннен кейін үш айдың ішінде жұмысқа орналасты, олардың 37% аудит саласында, 14% - коммерциялық секторда, 11% - банк құрылымдарында жұмыс істейді. Көпшілігі бұқаралық ақпарат құралдарында, мұнай газ секторында және білім беру саласында еңбек тәжірибелерін жүзеге асыруда. Бұдан басқа, біршама студенттер үкіметтік ұйымдардан жұмыс тапты.

## Студенттердің саны: 2008 жылғы күзгі семестр

**Дәреже алу бойынша бағдарламаларға қабылданған студенттердің жалпы саны - 4721**

Бүгінгі таңда ҚМЭБИ-да 31 елден студенттер білім алууда: Армения, Әзірбайжан, Чили, Қытай, Египет, Грузия, Германия, Ұлыбритания, Гонконг, Венгрия, Үндістан, Иран, Қазақстан, Кения, Қырғызстан, Латвия, Литва, Монғолия, Нидерланды, Солтүстік Корея, Пәкістан, Польша, Румыния, Ресей, Оңтүстік Корея, Тәжікстан, Түркия, Түркменістан, АҚШ, Өзбекстан, Зимбабве.

## Еркін тыңдаушыларға арналған бағдарламалар - 260

**1992 жылдан бастап жалпы бітірушілердің саны - 4750**

## Оқытушылар саны: 2008 жылғы күзгі семестр

**Штаттағы: 199 адам**

**Штаттан тыс: 113 адам**

**Барлығы: 312 адам**

Профессор-оқытушылар құрамы 25 елден келген: Австралия, Австрия, Бангладеш, Канада, Чехия Республикасы, Франция, Германия, Ұлыбритания, Үндістан, Ирландия, Италия, Жапония, Қазақстан, Малайзия, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Пәкістан, Ресей, Оңтүстік Африка, Солтүстік Корея, Түркия, АҚШ, Маврикия, Тунис.



ҚМЭБИ келесі компаниялар мен ұйымдардың әріптесі болғанын мақтан етеді:



**ҚМЭБИ кез-келген бағдарламалары мен оқуға түсу мүмкіндіктері туралы біршама толық ақпарат алу үшін Қабылдау Комиссиясы және Ақпараттық Орталықпен хабарласуыңызды өтінеміз:**

**<http://www.kimep.kz/admission>**

**Тел: +7 (727) 270 42 13**

**E-mail: [admis@kimep.kz](mailto:admis@kimep.kz)**

**Ескерту: ҚМЭБИ осы проспектіде баяндалған ақпараттың баспадан шыққан сәтте дұрыс болуы үшін барлық мүмкіндігін жұмсады, бірақ бағдарлама мазмұнына, оқуға түсу талаптары мен оқыту әдістеріне өзгерістер енгізу, сонымен қатар студенттің Институтқа оқуға түскенге дейін, түскеннен соң да бағдарламаларды жабу, біріктіру және үйлестіру құқығын өзіне қалдырады.**